

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ
БІЛІМДЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ**

**ӘЖИНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ИНСТИТУТЫ**



ТҮРКИ ТІЛДЕР ФАКУЛЬТЕТИ

ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ КАФЕДРАСЫ

5111305-«Қазақ тілі және әдебиеті» бакалавриат білім бағыты

ҚОЙШЫБАЕВ ЖАҢБЫРБАЙ

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

**Тақырыбы: Әдебиет сабағында көркем шығарманың образдарын оқыту
әдістері**

СТУДЕНТ: Ж.Қойшыбаев

ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІ: ф.ғ.д. (PhD) доц. Т.Торткулбаева

КАФЕДРА БАСТЫҒЫ: ф.ғ.ф.д.(PhD)Ы.Куттымуратова

Кафедра мәжілісінің 2021-жыл ____ ____ №__ протоколы мен қорғауға рұхсат
берілді

НӨКІС – 2021

Бітіру мамандық жұмысы Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы
мәжілісінің 2021 жыл ____№ ____санды протоколымен қорғауға ұсынылды.

Түркі тілдер факультеті

деканы:

ф.ғ.к. доц. Б.Давлетов

Кафедра меңгерушісі:

ф.ғ.д. (PhD) доц. Ы.Қуттымуратова

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.д. (PhD) доц. Т.Торткулбаева

Қойшыбаев Жаңбырбайдың «Әдебиет сабағында көркем
шығарманың образдарын оқыту әдістері» тақырыбындағы бітіру
мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация комиссиясы қарарымен

« ____ » (_____ %) қойылсын.

« ____ » _____ 2021 жыл

МАК хаткері:

ф.ғ.д. (PhD) доц. Т.Торткулбаева

Ж О С П А Р

Автордың аннотациясы

Кіріспе

I Т А Р А У

Көркем әдебиеттегі образ және образдылық мәселелері

1. Көркем мәтінді талдау жұмыстары
2. Образды сомдау көркем шығарма тілімен байланысы

II Т А Р А У

1. Көркем шығармадағы образ талдау мәселелері
2. М. Әуезов «Қараш – Қараш оқиғасы» хикаятындағы Бақтығұл бейнесі оқыту үлгісі

Қорытынды

Пайдаланған әдебиеттер

Автордың аннотациясы

Тақырыптың көкейтестілігі: Қазіргі заманда білім беру жүйесінде педагогикалық технология тәлім-тәрбие процесін ұйымдастыру, басқару және тексеру жұмыстарында кең қолданылады. Педагогикалық технология жан-жақты дамыған жеке адамды қалыптастыру қызметі болғандықтан, әдебиет пәнін оқыту барысында заманагөй педагогикалық технология құралдарын қолдану арқылы оқушылардың терең білім алып, белсендігін асыруына мүмкіндік жарататындығын «Қараш-Қараш» хикаятын оқыту арқылы таныту.

Жұмыстың мақсаты мен міндеті: Жұмысымыздың негізгі мақсаты – әдебиет сабағында әдебиет сабағында көркем шығарманың образдарын оқытуда заманагөй педагогикалық технология құралдарын қолдану, сол арқылы оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, еркін пікірлеуіне мүмкіндік жарату.

Зерттеу объекті мен предметі: Әрбір сабақтың мазмұнды, қызықты өтуі үшін мұғалімдер бар білімін, күшін жұмсайды, әр түрлі оқыту құралдарынан пайдаланады. Солардың ең тиімдісі – заманагөй педагогикалық технология құралдары. Жұмысымыздың негізгі объекті – әдебиет сабағында көркем шығарманың образдарын оқыту барысында, «образдың» мағынасын ашу, оларды танытудағы мақсат, сабақ барысында қалай пайдалану жолдарын түсіндіру.

Бітіру мамандық жұмысымызды жазу процесінде заманагөй педагогикалық технология құралдарынан пайдалану жолдарын, әдістерін байқатуда Ә.Қоңыратбаев, М.Валиева, Т.Мейірманқұлова, Жұмажанова Т, Йулдашев Ж, Т.Абдиреймова және басқа педагог, әдебиетші-ғалым, әдіскерлердің еңбектерінен пайдаланылды.

Зерттеу методикасы және әдістері: Әдебиет сабағында көрнекі құралдарды ғылыми-теориялық, салыстырмалы және көргізбелі әдістерді қолдану арқылы пайдаланылады.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалықтары: Әдебиет сабағында көркем шығарманың образдарын оқытуда заманағөй педагогикалық технология құралдары арқылы оқытуда көрнекі құрал болып есептелетін компьютер, теледидар, CD диск, сызба, кесте, аудио, видео құралдардан қалай пайдалану жолдарын түсіндіріп беру.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы мен ұсынысы: Белгілі жазушы М.Әуезовтың «Қараш-Қараш» жырын оқытуда заманағөй педагогикалық технология құралдарын пайдалану арқылы оқушылардың әдебиетке, соның ішінде тарихи тақырыпқа болған қызығушылығын арттырып, еркін пікірлеуіне, білім дәрежесінің өсуіне жол ашады. Жалпы білім беретін орта мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің сабақ өтуінде, жоғары оқу орнында жаңа педагогикалық технология, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың заманағөй технологиясы, қазақ әдебиетін оқыту методикасы пәндерінен лекция текстерін дайындауда, семинар, практикалық жұмыстар өткеруде пайдалануына болады.

Жұмыстың құрылысы мен ізбе-іздігі: Жұмыс кіріспе мен қорытындыдан басқа үлкен екі тараудан және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспеде жұмыстың мақсаты мен мазмұнына тоқталып, көркем шығарманың образдарын оқытуда заманағөй педагогикалық технология құралдарын, көрнекі құралдарды қалай қолдану әдістері баяндалып, жұмыста ізбе-іздік сақталған.

Ғылыми басшы:

ф.ғ.д. (PhD) доц. Т.Торткулбаева

Студент:

Ж. Қойшыбаев

КІРІСПЕ

Әдебиетті оқыту – ғылым саласымен тығыз байланысқан. Себебі, ғылымның қай саласын алсаңыз да теориялық және қолданбалы практикалық мәндес болады деп білсек, әдебиетті оқыту арқылы оқушыға көркем шығарманы оқытуды қалыптастыру әрі теориялық, әрі қолданбалы жүйесін бірлікте қарастырумен қатар оның өнер екендігін де ескерген жөн. Өйткені игерілуге тиісті ұғым, сөздің мәні, айтылмақ ой – түсінік оқушыға әсер етерліктей болса, ол тиісті деңгейде көңіл толқытып, тереңірек ойланады. Сондай – ақ әсер санаға ерекше ықпал етеді. Әсердің нәтижесі бір жағынан тұлғаны әрекетке итермелесе, екінші жағынан пәнге деген қызығушылықты арттырып, көркем шығарманы оқуға талпындырады.

Әдебиет – сөз өнері. Барлық сөзді тізе берсең әңгіме, жыр шықпайды. Адам жүрегі тербетіп, ақыл таразылап, тіл кестелеп айтқан сөз орнында тұрса ғана әдебиет деген өнер пайда болады. Ғылыми тұжырымда әдебиет «адамтану құралы», ал әдебиет пәні «адам тәрбиелеу құралы», — делінген. Өйткені, Ғылыми педагогикалық ұстаным бойынша әдебиет әдебиет пәні философиялық, педагогикалық, негізінен ұлттық ізгілікті, психологиялық, тұғырламалық мәдней – рухани көзқарастарға құрылса құндылықтарға құрылған. Ұлттық таным, ұлттық рухани гуманистік сананы (адамгершілікке сананы қалыптастырса негіздеу) қалыптастырады. Бірлесе отырып: қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, қазақ тілінің қатысымдық, эстетикалық және этикалық қызметін меңгеруін қамтамасыз ету, оқыту үрдісі арқылы ауызша және жазбаша сөйлеу тілін дамыту, қазақ әдебиеті шығармаларын аудармасыз қазақ тілінде оқу, түсіну, баяндап айту деңгейіне жету, Қазақстандық патриотизм идеяларын болашақ қоғам иелерінің санасына дарыту. Орыс мектептеріндегі «Қазақ әдебиеті» пәнін оқыту – айрықша көңіл бөлуді қажет ететіндігі еліміздің ертеңгі болашағына деген үлкен міндеттен туындап отырғаны бәрімізге мәлім. Оқушыларға әдебиеттің күдіретін, оның адам баласы жаратылғаннан бері бірге жасасып келе

жатқандығын, мәңгілік жаңарып, жасарып отыратын үрдіс екенін айтып, түсіндіре отырып, сол әдебиетті жасаушылар, ақын – жазушылар туралы, олардың көркем шығармалары жайында айтуымыз керек. Көркем шығарма — әдебиеттің құндылығы.

Образ – бейне. Ол ненің бейнесі? Ол барлық нәрсенің бейнесі бола алады. Мысалы, көркем әдебиетте заттың, хайуанаттың, табиғаттың, адамның және де басқалардың бейнесі көрінеді. Көркем әдебиет негізінен адам образын тұлғалантуға бой ұрады, адамдар арасындағы қоғамдық тартысты көрсетеді. Сондықтан шығармадағы негізгі образ адам образы болуға тиіс, бастр көңіл соны тұлғалы, толықтыра жасауға аударылуы қажет. Шығарманың ішінде басқа нәрселердің де образдары болатындығын айттық, бірақ олар адам образын жасауға көмектеседі, пейзаж да, басқа түрлі заттар бейнесі де сол қосымша қызметті атқарады.

Адам образын жасау үшін жазушы сол образды жасай алатын сапалы материал қарастыруы қажет. Ол материал – әрекет, оқиға, тартыс. Адам образын ол тетіксіз жасауға болмайтынын, нашар мінездеумен характер жасап шығару дәстүрі дұрыс еместігін ескеру қажеттірек.

Образдың екі мәні бар : тар мағынасы және кең мағынасы. Образдардың тар мағынасы деп., ең тар көлемде жасалған образды айтады. Мысалы, “Шығыс алауланып келеді” деген бір сөйлемнен образ жасалып тұр, бұл – тар көлеммен – ақ жасалған образ.

Образдың кең мағынасы деп., әдебиеттің, қала берді, көркем өнердің өмірді тек образ арқылы бейнелейтінін айтамыз. Демен, әдебиет өмірді тікелей танымайды, қара дүрсін түсіндірмейді, оны образ жүйесімен бейнелейді. Демен, әдебиеттер көркемдік образдар жүйесі арқылы ғана өмір таниды.

Чернышевский әдебиетті “өмір оқулығы”, Горький, “адам тану ғылымы” деді. Демек, әдебиеттің негізгі материалы адам екені – ол да белгілі. Бір көркем әдебиеттік шығарманың адам атымен аталатыны да – содан. Осының барлығы келіп, әдебиетте негізгі нәрсе – адам образы, дңегенді анықтай т үседі.

Образдың екі жағы, екі қыры болады. Ол – образдың жалпылығы мен жалқылығы. Адамның қоғамдық және жеке бастық жағы болады. Мынау соған сәйкес. Адамның жалқылық жағы – оның жеке бастық қасиеті. Образдың сапалы болуын оның даралығы қамтамасыз етеді, жалпылығы деп. – барлық образда оның қай топқа жататындығы. Образдың неғұрлым даралық жағы кошті болса, ол сол құрлы өміршің, әсерлі келеді. Жаңа образ өзінің тыңдығымен, ерекше әсерлігімен әдебиетте бұрын көрінген образға ұқсамай тұруы қажет. Олай болмағанда, әдебиет өспейді, шығарма сапаланбайды. Шығарма оқиғасы жаңа тың болмаса, ол жаңа шығарма да емес, бұрынғы бір шығарманың көшірмесі, ұқсасы болады. Сондықтан образды образ ететін нәрсе – оның жалқылық жағы, даралығы. Ол тікелей әрекеттің, образ жасайтын әрекеттің тыңдығына байланысты. Образдарда әрекет болмай, ол кошті болмай, ол тың болмай еш уақытта толыққанды образ шықпақ емес.

Адамның образы қалай және неден жасалады?

Адамның образы характерден тұрады, характер – әр адамның рухани, психологиялық ерекшелігі; характерлер – образдың бір қыры, бір образ сандаған характерден құралады. Ол ерекшелік адамның жүрісі, тұрысынан, әрекетінен, ой өрісінен, мәдениетінен көрінеді.

Характер туралы әдебиет қайраткерлерінің пікірін тыңдалық.

Характер дегенді осыдан екі мың жыл бұрын Аристотель шешіп қойып еді. Біз оны әлі түсінбегенісп келеміз.

Ал “характер” дегеніміз – бейнесінен ырықтың бағыты көрінетін нәрсе. Ырықтың бығыты тек әрекетпен ғана айқындалады.

“Кейіпкерлердің психологиясынан көрінетін жаңа ерекшеліктер, сөз жоқ, олардың істерінен, әрекеттерінен жаралуы тиіс” “Ұлы характердің абыройы – олар “кінәлі” болады” (Лаврецкий).

“Характердің қозғалысы драмадағы әрекеттердің өсуімен тығыз байланысты (В. Блок). Демен, характер әрекеттен шығады да, соның дмауымен өседі.

“Идея мен характер кездесіп қалса, онда адамды жылдар бойы таңдандырып тұратын құбылыс шығады” (Гете).

Бұл не деген сөз? Жазушылар характерді әрекетпен бере алмай келетінін айттық. Ал егер жазушы оны тың әрекетті етіп бере алса, ол тың әрекетті әкелген характерге жақсы идея тап болып, екеуі бір жерден шықса, онда адам баласының мәңгілік есінде қалатын шығарма жасалады, деген сөз. Ондай характер бұрын көрінбеген, ерекше әсерлі әрекеттің қуаттылығына байланысты ғана өмірге келеді. “Характер дегіміз – жетілдіре тәрбиелеген ырық”(Р. Эмерсен).

Характер қай уақытта дараланады?

Ол өзінгіші бір әсерлі әрекет жасаса, тың әрекет иеленсе және ол әрекет бұрынғы көрінген әдебиеттік характерлердің әрекеттеріне ұқсамай, жаңа тұлғамен көрінсе, сонда ғана ол дараланған характер бола алады. Оның еткен әрекеті басқа біреудің әрекетіне ұқсап тұрса, онда дараланған болмайды, сол бұрынға жасалған образдан көшірген тұлға болады. Ол жазушы көшірмек Тагіл, ол кітапты оқымаған болуы да мүмкін (нашар жазушылардың көбі кітап оқымайтын болады). Бірақ анау жасалаған образ сонда да дараланған болмайды, ал жазушы бәрі – бір, “содан көшіреді” деген кінәдан тазаланбайды.

Сөйтіп, “нағыз образ” деген сөздің ішіне бірнеше характер енуі керек. Және сол характерлердің бәрі дараланған болуға тиіс, оны, Горький сөзімен айтқанда, “Жан – жақты жетілген образ” дейді.

I ТАРАУ. КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ ОБРАЗ ЖӘНЕ ОБРАЗДЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Образ – бейне. Ол ненің бейнесі? Ол барлық нәрсенің бейнесі бола алады. Мысалы, көркем әдебиетте заттың, хайуанаттың, табиғаттың, адамның және де басқалардың бейнесі көрінеді. Көркем әдебиет негізінен адам образын тұлғалантуға бой ұрады, адамдар арасындағы қоғамдық тартысты көрсетеді. Сондықтан шығармадағы негізгі образ адам образы болуға тиіс, бастр көңіл соны тұлғалы, толықтыра жасауға аударылуы қажет. Шығарманың ішінде басқа нәрселердің де образдары болатындығын айттық, бірақ олар адам образын жасауға көмектеседі, пейзаж да, басқа түрлі заттар бейнесі де сол қосымша қызметті атқарады.

Адам образын жасау үшін жазушы сол образды жасай алатын сапалы материал қарастыруы қажет. Ол материал – әрекет, оқиға, тартыс. Адам образын ол тетіксіз жасауға болмайтынын, нашар мінездеумен характер жасап шығару дәстүрі дұрыс еместігін ескеру қажеттірек.

Образдың екі мәні бар: тар мағынасы және кең мағынасы. Образдардың тар мағынасы деп., ең тар көлемде жасалған образды айтады. Мысалы, “Шығыс алауланып келеді” деген бір сөйлемнен образ жасалып тұр, бұл – тар көлеммен – ақ жасалған образ.

Образдың кең мағынасы деп., әдебиеттің, қала берді, көркем өнердің өмірді тек образ арқылы бейнелейтінін айтамыз. Демен, әдебиет өмірді тікелей танымайды, қара дүрсін түсіндірмейді, оны образ жүйесімен бейнелейді. Демен, әдебиеттер көркемдік образдар жүйесі арқылы ғана өмір таниды.

Чернышевский әдебиетті “өмір оқулығы”, Горький, “адам тану ғылымы” деді. Демек, әдебиеттің негізгі материалы адам екені – ол да белгілі. Бір көркем әдебиеттік шығарманың адам атымен аталатыны да – содан. Осының барлығы келіп, әдебиетте негізгі нәрсе – адам образы, дегенді анықтай түседі.

Образдың екі жағы, екі қыры болады. Ол – образдың жалпылығы мен жалқылығы. Адамның қоғамдық және жеке бастық жағы болады. Мынау соған сәйкес. Адамның жалқылық жағы – оның жеке бастық қасиеті. Образдың сапалы болуын оның даралығы қамтамасыз етеді, жалпылығы деп. – барлық образда оның қай топқа жататындығы. Образдың неғұрлым даралық жағы кошті болса, ол сол құрлы өміршінің, әсерлі келеді. Жаңа образ өзінің тыңдығымен, ерекше әсерлігімен әдебиетте бұрын көрінген образға ұқсамай тұруы қажет. Олай болмағанда, әдебиет өспейді, шығарма сапаланбайды. Шығарма оқиғасы жаңа тың болмаса, ол жаңа шығарма да емес, бұрынғы бір шығарманың көшірмесі, ұқсасы болады. Сондықтан образды образ ететін нәрсе – оның жалқылық жағы, даралығы. Ол тікелей әрекеттің, образ жасайтын әрекеттің тыңдығына байланысты. Образдарда әрекет болмай, ол кошті болмай, ол тың болмай еш уақытта толыққанды образ шықпақ емес.

Адамның образы қалай және неден жасалады?

Адамның образы характерден тұрады, характер – әр адамның рухани, психологиялық ерекшелігі; характерлер – образдың бір қыры, бір образ сандаған характерден құралады. Ол ерекшелік адамның жүрісі, тұрысынан, әрекетінен, ой өрісінен, мәдениетінен көрінеді.

Характер туралы әдебиет қайраткерлерінің пікірін тыңдалық.

Характер дегенді осыдан екі мың жыл бұрын Аристотель шешіп қойып еді. Біз оны әлі түсінбегенісп келеміз. Ал “характер” дегеніміз – бейнесінен ырықтың бағыты көрінетін нәрсе. Ырықтың бағыты тек әрекетпен ғана айқындалады.

“Кейіпкерлердің психологиясынан көрінетін жаңа ерекшеліктер, сөз жоқ, олардың істерінен, әрекеттерінен жаралуы тиіс” “Ұлы характердің абыройы – олар “кінәлі” болады” (Лаврецкий). “Характердің қозғалысы драмадағы әрекеттердің өсуімен тығыз байланысты (В. Блок). Демен, характер әрекеттен шығады да, соның дмауымен өседі. “Идея мен характер кездесіп қалса, онда адамды жылдар бойы таңдандырып тұратын құбылыс шығады” (Гете). Бұл не деген сөз? Жазушылар характерді әрекетпен бере алмай келетінін айттық. Ал егер жазушы оны тың әрекетті етіп бере алса, ол тың әрекетті әкелген характерге жақсы идея тап болып, екеуі бір жерден шықса, онда адам баласының мәңгілік есінде қалатын шығарма жасалады, деген сөз. Ондай характер бұрын көрінбеген, ерекше әсерлі әрекеттің қуаттылығына байланысты ғана өмірге келеді. “Характер дегініміз – жетілдіре тәрбиелеген ырық”(Р. Эмерсен).

Характер қай уақытта дараланады? Ол өзінгіші бір әсерлі әрекет жасаса, тың әрекет иеленсе және ол әрекет бұрынғы көрінген әдебиеттік характерлердің әрекеттеріне ұқсамай, жаңа тұлғамен көрінсе, сонда ғана ол дараланған характер бола алады. Оның еткен әрекеті басқа біреудің әрекетіне ұқсап тұрса, онда дараланған болмайды, сол бұрынға жасалған образдан көшірген тұлға болады. Ол жазушы көшірмек Тагіл, ол кітапты оқымаған болуы да мүмкін (нашар жазушылардың көбі кітап оқымайтын болады). Бірақ анау жасалаған образ сонда да дараланған болмайды, ал жазушы бәрі – бір, “содан көшіреді” деген кінәдан тазаланбайды.

Сөйтіп, “нағыз образ” деген сөздің ішіне бірнеше характер енуі керек. Және сол характерлердің бәрі дараланған болуға тиіс, оны, Горький сөзімен айтқанда, “Жан - жақты жетілген образ” дейді.

I.1. КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ ЖҰМЫСТАРЫ

1.Көркем туынды оқу сияқты, оны талдау да әдебиетті оқытудың маңызды, күрделі жұмыстарының бірі. Көркем туындыны талдау, әрине, мұғалім басшылығымен жүргізіледі, ең басты қызмет те мұғалімдікі. Дегенмен талдау оқушылардан да көп нәрселерді талдау дағдыларын, іскерлігі, машықтарын талап етеді. Мұғалім талдау барысында ең негізгі екі түрлі қызмет атқарады:

2.Көркем туынды көтерген проблемалар, автор ойы, оның көркем компоненттері туралы, яғни талдау нені талап етеді, соны орындату.

3.Оқушыны оқыған шығармаларын талдай білуге машықтандыру, дағды-іскерліктерін жетілдіру, әдеби талдауды үйрету қызметін атқарады.

Көркем мәтінді талдау жолдары.

4.Жан-жақты, толық талдау көркем туындыны тұтастай қарастырып талдайды. Әсіресе, бұл талдау кейде мәтіндік талдау деп те аталады. Жан-жақты талдау уақытты көп алады, дегенмен, оның тиімділігі көркем туындыны жанды бір организмдей тұтас қарастырады. Шешуші бір эпизодтар, не суреттеу, баяндау, кейіпкер монологі, сөйлеу тілдері негізге алынады. Бұл талдаудың өзіндік ерекшелігі сол, ол үнемі мәтінге жүгініп отырады. Сондықтан мұғалім көркем туынды идеясын ашатын оқиға,

эпизодтар, кейіпкерлер сөзі, іс-әрекеті, оны ашатын мәселелерді назарға алып отырады.

5.Талдаудың келесі бір түрі – шолу бағытындағы талдаулар. Бұл талдаудың өзіндік ерекшелігі сол, мұғалім көркем туындыны жалпылама, шолу бағытында қарастырады. Проблемалық сұрақтарға немесе белгілі бір эпизодтарға арнайы тоқталмайды. Көркем шығарма сюжеті, композициясы, тілі, көтерген тақырыбы тұтастай қамтылады. Оқушылар көркем мәтінмен емін-еркін жұмыс істей алады.

Талдаудың тағы бір түрі – сұрыптап талдаулар. Бұл талдау көбіне проблемалық сұрақтар, проблеманы шешу айналасында ұйымдастырылады. Мұғалім шығарма негізіндегі ең басты проблемаларды сұрыптай отырып, талдауды соны шешуге бағыттайды.

6.Мектепте әдебиетті оқытудың күре тамыры көркем мәтінді оқу мен талдау жұмыстары болып табылады. Көркем мәтінді оқыту, оны талдауға баулу – әдебиет мұғалімінің де ең негізгі қызмет, мақсаты. Оқу мен талдау – бір ананың егіз баласындай, жанды бір организмдей туыстас, әрі бірліктегі мәселе. Көркем мәтінді талдау оны оқусыз жүзеге аспайды. Оқу әр оқушының өз еңбегіне, оны қабылдай білу, түсіне білуіне, яғни әр баланың қабілеті, дарыны, ой-өрісіне байланысты жүреді. Бұл жұмыс төменгі сыныптан, яғни 5 сыныптан басталып, жүйелі жүріп отыруы керек. Мысалы, 5 сыныпта Абайдың «Күзін» сыныпта талдап, оқу алдында оны үйден оқып келу тапсырылады. Лирикалық шығармаларды оқу, қабылдау әрі ол туралы пікірі, ойын айту – аса күрделі мәселе. «Күз» өлеңін өз бетімен оқу үшін, мынадай көмек-нұсқау үлестірмесін ұсынуға болады:

1.Өлеңді асықпай, әр сөзіне назар аудара отырып, оқып шық, бірнеше рет оқысаң, тіпті жақсы.

2.Күз суреті берілетін сөздерге назар аудару.

3.«Күздегі» адамдар іс-әрекеті, әсіресе, кедейлер тірлігін еске сақта.

4.Өлеңді оқи отырып, қандай көңіл-күйде болғаныңды айтып беруге тырыс.

5.Көркем шығарманы талдау сынып ұжымының қатысуы арқылы жүргізіледі. Талдауда мұғалім көпшілік балалардың пікірімен, ойымен танысуға мүмкіндік алады. Әрі бұл жұмыста мұғалімнің басшылық – «көсемдік» орны да ерекше. Оқу баланың тікелей өз еңбегі, өз ісімен жүзеге асса, талдау мұғалім арқылы, оның ұйымдастыруы, ойластыруы арқылы іске асады. Талдауда оқушының жеке жұмысы ұжымдық жұмыспен үндеседі, байланысады да, бір мақсатты көздейді. Біріншіден, оқушының көркем туындыны қабылдауы, әсері, эмоциясын танып-білу, оларды дамыту мақсаты. Екіншіден, көркем шығармаға деген эстетикалық көзқарасын қалыптастыру, көркем туындыны өнер туындысы ретінде түсінуіне әсер ету. Үшіншіден, талдау арқылы оқушының танымын, қабілетін, қорыта айтқанда, оның ойлау белсенділігін, бүкіл іс-әрекетін дамыту. Сондай-ақ ең басты мақсат – көркем туындыны талдау жолдарын меңгерту, көркемдік-эстетикалық ерекшелігі, оның көтерген тақырыбы, образды жүйесін т.б. бірлікте, кешенді түрде қарастыра отырып, талдауға баулу.

Талдау әрі жүйелі, әрі тұтас, көркем шығарманың барлық нәрі, дәнін аша алатындай, нанымды да ғылыми мазмұнда жүргізілуі керек. Мектепте әдеби талдаудың үш жолы бұрыннан-ақ тәжірибеде кеңінен пайдаланып келеді. Олар: а) автор ізіме талдау, бұны тұтастай, толық талдаудейді; б) кейіпкерлерге талдау жасау, в) тақырыпты проблемалық талдау. Көпшілік мұғалімдер аралас талдауды тиімді деп табады.

Автор ізімен талдау, оның негізгі мақсаттары.

Бұл талдауда мұғалім көркем шығарма сюжеті, эпизодтары, автордың негізгі ойы, мазмұн мен форма жүйесін сақтай отырып, талдауа ерекше назар аударады.

Көркем туындыны образдар жүйесіне қарай талдау жолдары

Образдар жүйесіне талдау талдаудың мектеп тәжірибесінде дәстүрге айналған өте көп тараған түрі болып табылады. 5-8 сыныптар оқушылары көркем туындыдағы бас кейіпкерлерге толық толық талдау жасай алмаса да, олардың іс-әрекеттерін назардан тыс қалдыра алмайды.

Ең бастысы, авторлық көзқарас шығарма негізіндегі басты проблема – образдық талдауда ерекше назарға алатын проблемалар болып табылады. Мысалы, Құнанбай бейнесі арқылы автор 19 ғасырдың екінші жартысындағы феодалдық қоғамды, оның бас өкілін сомдайды. Бұл образды жасаудағы автор мақсаты да сол. Құнанбай іс-әрекеттері, оның әр түрлі қылықтары сол қоғам сипаты дәрежесінде көрсетіледі. Олай болса, талдауда осы мәселелер еске алынуы керек. Образдық талдау жүйесінде де мұғалім көркем шығарманы тұтастай қарастырып, оның барлық компоненттерін (тақырып, идеясы, образдар жүйесі, идеялық эстетикалық табысын) бірлікте ала отырып, талдауды басшылыққа алады.

Әдеби шығармаларды проблемалық талдау жолдары.

6.Тәжірибеде кеңінен тараған, әрі тиімділігімен, нәтижелілігімен көпшілік ұстаздар еңбегіне мол кірген талдаудың түрі – проблемалық талдау. Проблемалық талдау оқушылардың танымын арттыру, ойлау белсенділігін жетілдіруде үлкен роль атқарады және өзіндік ізденістеріне мол мүмкіндік ашады, әрі дамыта оқытудың негізгі бір жолы ретінде де пайдалы болып келеді. Проблемалық талдау сол көркем шығарма негізіндегі проблеманы дәл тауып, нақты проблемалық сұрақтар әзірлеуді талап етеді. Ол үшін проблемалық жағдаят тууы керек. Кез келген «Неге?» деген сұрақтарды проблемалық сұрақтармен шатыстыру мектеп тәжірибесінде кездесіп жатады. Проблемалық сұрақ негізінде оқушыға «бейтаныс», шешуді керек ететін мәселе, проблема болады. Мысалы, жай сұрақтар мен проблемалық сұрақтар арасындағы айырмашылықты төмендегі баған арқылы көруге болады (М. Әуезов «Қараш-қараш оқиғасы», Бақтығұл бейнесі бойынша).

I.2. ОБРАЗДЫ СОМДАУ КӨРКЕМ ШЫҒАРМА ТІЛІМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Көркем әдебиет тілінің өзі «екі планды» екендігінде: біріншіден, ол «жалпы» тілге жатады, соның үдесінен шығуға тиісті болса, екіншіден, көркем шығарма тілі сол туындының «символдық құрылымына» бағынуы керек⁵¹.

Жалпы стилистика – шеберлік туралы ғылым саласы, оған тілдің көріктеуіш құралдары, солардың көркем әдебиетте қолданылуы жайындағы зерттеулер жатады. Көркем әдебиет өнер туындысы болғандықтан, оның тілі сол өнердің құралы, «материалы» ретінде қаралып, ол да өнер, демек, шеберлік тұрғысынан сөз болуы қажет.

Жалпы тіл білімінде стилистиканы: 1) тілдің стилистикасы, яғни системалардың жүйесі (стилистика языков); 2) сөздің стилистикасы, яғни тіл элементтерінің жалпы халықтық қолданысын зерттеу (стилистика речи); 2)көркем әдебиет стилистикасы, яғни поэтикалық зерттеу деп бөліп қарастырады⁵². Бізде, қазақ ғылымында, негізінен, алдыңғы екеуі зерттеу объектісіне көбірек айналып, соңғы сала кенжелеп келе жатқанын айту керек. Дегенмен мүлде жоқ деуге болмайды. Е. Жанпейісов, Х. Нұрмаханов, М.Серғалиев, Х. Кәрімов, Б. Шалабаев сияқты зерттеуші ғалымдар бірқатар жазушылардың сөз шеберлігін, көркемдік тәсілдерін талдап танытады. Демек, көркем шығармалар тілін стилистика объектісі етіп зерттеуде

жазушының эстетикалық талаптарды өтеу шеберлігі, яғни қалам иесінің қолтаңбасы, сөз өрнегі (мәнері) талданады.

Жазушы шығармасында айтпақ идеясын, бермек образдарын және көрсетпек суреттерін тіл арқылы білдіреді. Көркем шығармада н е н і ң суреттелгені ғана емес, қ а л а й суреттелгенінің мәні зор. Сол «қ а л а й »-ды көрсету – стилистиканың міндеті. Қайталап айтсақ, стилистика сөз эстетикасын, сөздің контекстегі рөлін зерттейді. Демек, лингвостилистика ұлттық көркем тіл мәдениеті дамуының негіздерін көрсететін ғылым саласы болады. Стилистиканың лингвистикалық міндеті с т и л ь д і к әсердің өзін емес, сол әсерді туғызатын тілдік механизмді зерттеу болып табылады.

Стилистика мен сөз мәдениеті мүдделері тоғысып жатады, өйткені тіл элементтерінің көркем сөзде дұрыс не бұрыс қолданылуын (яғни сөз мәдениетінің бұзылып не сақталып тұрғандығын) анықтау үшін әуелі сол элементтің қай орында, қандай мақсатта жұмсалып тұрғандығын, яғни стильдік жүгінің бар-жоғын білу керек. Сөздің стильдік бояуы ол сөздің негізгі мағынасына үстелген қабат болғандықтан, сол қабаттың сыр-сынын тауып алу қажет болады. Зерттеушілер стилистика мен сөз мәдениеті проблемаларын бір-бірімен байланыстыра қарастыру – бүгінгі күннің көкейкесті шаруасына айналып отырғандығын көрсетеді. Сөйтіп, стилистиканың мақсаты – тіл элементтерінің жұмсалуды бағалау болғандықтан, олардың орынсыз, қате қолданылуын тауып-талдау тіл мәдениеті міндеттерімен ұштасады.

Функционалдық стильдің бір тармағы – көркем шығарма тілін лингвостилистика тұрғысынан зерттеуде мыналарды нысанаға алады:

- а) «автор образы» дегеннің көрінісі;
- ә) баяндаудың түрлері;
- б) кейіпкерлердің сөзін беру (кейіпкерлерді сөйлету) принциптері;
- в) кейіпкерлер тілі мен автордың өз тілінің көрінісі.

Бұл – негізінен, көркем проза стилистикасына қатысты проблемалар. Ал драматургия мен поэзия салаларында лингвистикалық стилистика бұдан өзгеше мәселелерді қояды.

Орыс лингвистикасында д р а м а т у р г и я тілі жан-жақты, жақсы зерттелгендігін байқаймыз. Бұл салада мынадай мәселелерге көңіл аударылған:

- а) кейіпкерлер образын тіл арқылы көрсету;
- ә) кейіпкерлер тілі арқылы ауызекі сөйлеу тілінің типтенуі (типизация);
- б) драмада сөз мағынасын стильдік мақсатта пайдалану.

Поэзияға келсек, мұндағы лингвостилистикалық ізденістер мүлде ерекше болмақ. Ең алдымен, поэзияның өзі «тұнып тұрған» образдылық (бейнелілік) болса, сол образдылықты жасайтын құралдар мен тәсілдерді зерттеу міндеті тұрады (образдылықты танып-таныту – әрине, көркем проза мен драматургия стилистикасының да «шаруасы»). Лингвистикалық стилистика көркем сөздің ерекшеліктерін зерттейтін болғандықтан, оған ырғақ, эвфония, поэтикалық синтаксис, сөз арқылы берілетін бейне (словесный образ) сияқты тарамдарды қамтитын лингвистикалық поэтика кіреді. Поэзия тілін лингвостилистика тұрғысынан зерттегенде, ең алдымен, ондағы образ жасампаздық (образотворчество) мәселесі көзделеді. Ал образ жасампаздық тіл элементтерін (құралдарын) жазушының өз қаламында жарата білуі арқылы пайда болады. Сөз-образдардың түрлерін, оның ұлттық бояуын (колоритін) тану да – поэзия стилистикасының міндеті. Қазақ тіл білімінде бұлардың барлығы да – әлі жүйелі түрде зерттелмей келе жатқан салалар. Ең алдымен, қазақ стилистикасында лингвистикалық негізде «автор образы» дегенді монографиялық планда арнайы танып-білу мүлде сөз болмаған зерттеу объектісі екенін айту керек.

«Автор образы» – тіл жағынан алғанда, көркем шығарманың мағыналық стильдік діңгегі⁵³ («автор образы» деген мен «шығарма авторы» бір емес екендігін ескерту артық болар). «Автор образын» анықтау дегеніміз – сол шығарманы стилистика тұрғысынан талдау деген сөз. «Автор образын»

шығарманың баяндау стилінен, диалогтар мен монологтерді беру үлгісінен, экспрессивтік-стильдік элементтерінен көріп, тануға болады. Қысқасы, «автор образы» – лингвостилистикалық проблема.

Көркем шығарма құрылымы жағынан баяндау (автор сөзі) және диалогтер(кейіпкерлер сөзі) болып бөлінеді. Сондықтан көркем шығармада баяндаудың авторлық нормаларын айқындап алу қажеттілігі туады. Көркем прозада баяндаудың төрт түрлі болатыны айтылып келеді:

Баяндау автордың өз атынан жүргізіледі. Көркем прозаның көптеген туындылары, әсіресе роман, повесть сияқты ірі үлгілері баяндаудың осы түрімен жазылады. Мысалы, М.Әуезовтің «Абай» эпопеясы, Ғ.Мүсіреповтің «Оянған өлкесі», Ғ.Мұстафиннің «Шығанағы», Т.Ахтановтың «Бораны», Ә.Кекілбаевтың «Үркері» т.б.

Баяндау әңгімелеуші кейіпкерлердің атынан (бірақ стильдік бояусыз) жүргізіледі. Қазақ көркем сөзінде бұл әдіс те көп қолданылады. Әсіресе авторлық баяндаудың бұл түрі қысқа әңгіме, повестерде кеңінен пайдаланылады. Мысалы, М.Ысқақбаевтың «Арпабектің сары атаны» деген әңгімесі, Ш.Мұртазаевтың «Табылған теңіз» повесі кейіпкер атынан баяндалғанымен, бұлардың тексінде автор жергілікті сөз, қарапайым сөз, ауызекі сөйлеу тілі элементтері дегендерді әдейі қолданбайды. Стильдік элементтер мұндай шығармаларда диалогтерде ғана жұмсалады.

Әңгімелеуші кейіпкер аталмайды, бірақ баяндау стилі сол кейіпкердің көзқарасымен (бағалауымен, тануымен т.т.) беріледі. Мысалы, Ә.Кекілбаевтың «Құс қанаты» повесі ауылда туып-өскен, оқымаған «шұбалаң жаулық қара кемпірдің» көзімен (сөзімен) баяндалады. Сондықтан мұнда ауызекі сөйлеу тіліне тән қарапайым элементтерде: *бозымбай* (боз өкпе), *ұшпақ* (жұмақ), *бұтқа* *толу* (бәлдену), *тортиып жүру* (ренжу), *жырқылдау* т.б. сияқты қарапайым сөздер де, *бойлы-сойлы* (жақсы, текті), *дызықтау* (асығу), *бөтеке* (бүйрек), *шатпа* (төрт қанат киіз үй) т.б. тәрізді жергілікті сөздер де, *шүйке бас*, *сидаңдаған қу сирақ*,

енесі пақыр, атасы жарықтық сияқты т.т. стильдік бояуы бар өзге сөздер де автор тілінен орын алған.

Сол сияқты Ә.Нұрпейісовтің «Сең» романындағы авторлық баяндаулардың жалпы бояуы (тоны) да көп нәрсені түзетпек болған, тартылып қалған Аралдың тағдырына араласпақ ниеті бар, өзі адал, сондықтан «жуан қаралар» мен беймаза Бәпиза жұбайына, тойымсыз енесіне – қысқасы, айналасына сын көзімен қарайтын бас кейіпкер – берекесіз тірлік кешкен «ит мінезді» Жәдігер Әміржановтың танымы, бағалауы, көруі арқылы берілген.

4) Әңгімелеуші аталады да шығарма сол кейіпкердің аузымен баяндалады. Баяндаудың стильдік бояуы әңгімелеуші кейіпкердің сөз саптауына бағындырылады. Мысалы, Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» атты әңгімесі І жақтан сөйлеген автор сөзімен басталғанымен, ондағы әрі қарай баяндалатын барша оқиға жолаушылап келе жатқан адамдардың бірі – 30-40 жастардағы қарапайым ауыл адамының аузымен, соның сөйлеу үрдісімен беріледі. Сондықтан мұнда сөйлемдер қысқа-қысқа. Әңгімеде *немене еді, тәйірі соның өлеңі... ой, Алда-ай, қызық заман екен-ау... әйдай* («Есімбектің үлкен үйі лық толған адам, қымыз ішіп, *әйдай*, қызды-қызды болып жатыр екен»), *дүниені сөткен адам... Зәйкүл – сөзшең қатын... Айнабай – қызыл көзді пәле...* деген сияқты ауызекі тілдің сөз мәнері еркін қолданылған.

Міне, баяндаудың осындай төрт түріне байланыстыра сөз тандау, сөйлем құрастыру заңдылықтарын (нормаларын) танып-білу қажеттігі туады, бұл – қазақ тіл ғылымында әзірге там-тұмдап қолға алына бастаған сала. Бұл ретте соңғы жылдарда жарық көрген Х. Кәрімовтің «Қанатты тіл» (1995) монографиясы, Б. Шалабаевтың «Көркем проза тілі» (1994), М. Серғалиевтің «Көркем әдебиет тілі» (1995) атты монографияларын атаймыз.

Сондай-ақ «қазақ көркем сөзінде диалогтер арқылы образ жасау деген бар ма, бізде «қала тілі», «ауыл тілі» (орыс тіліндегідей «городская речь», «крестьянская речь» т.т.) дегендер бар ма, бар болса – олардың көркем әдебиеттегі көрінісі қандай, жоқ болса – диалогтерді беруде өзге

ерекшеліктер байқала ма?» деген мәселелер де күн тәртібінде тұр. Осы орайда бұрынғы (бұдан 50-60 жылдар бұрынғы) және қазіргі (соңғы 20-30 жыл ішіндегі) қазақ прозасында автор сөзі мен кейіпкер сөзінде айырмашылық бар ма, жоқ па; автордың тіліндегі белсенділігі (жазушының өзіндік көрінісі) деген байқала ма; кейіпкер тіліне автордың килігіп кетуі, яғни өз тілін кейіпкердің аузына салуы немесе керісінше, авторлық баяндаудың кейіпкер тілімен берілуі деген сияқты стилистиканың тың мәселелері алдымыздан және шығады.

Сөйтіп, лингвостилистика көркем текске эстетикалық сипаттама беруді көздейді, яғни көркем шығармадағы сөздің ерекше қызметін: стильдік жүгін, құбылысын айқындайды.

Ал көркем шығарма тілі мен жалпы ұлттық әдеби тіл нормаларының арақатынасын қарастыратын екінші аспектіге келсек, бұл ретте, ең алдымен, ұлттық көркем сөз нормалары дегеннің өзін анықтап алу қажет. Содан соң көркем әдебиет тіліндегі осы нормаларға сай келетін немесе сай түспейтін сәттерді, яғни нормадан уәжді (мотивті), уәжсіз (мотивсіз) ауытқуларды тауып көрсету мақсаты қойылады. Көркем туынды тілін жалпы әдеби тіл нормасы тұрғысынан зерттеу алдыңғы лингвостилистикалық ізденістермен ұштасып жатқанымен, бұл – өз алдына бөлек ғылыми ізденіс болмақ.

Көркем әдебиет тілі – кең планды проблема. Оған стильдік ізденістер тұрғысынан келіп, өнер ескерткіші ретіндегі көркем шығарманың тілдік болмыстың талдау мен сол ескерткішті тұрғызушының, яғни жазушының шеберлігін танып білу де жатады.

Сонымен қатар «қалам иесі қазақ әдеби тілінің бүгінгі жалпы ұлттық нормаларына құлақ асып отыр ма, жоқ па, ол нормалардан ауытқулар бар ма, бар болса, себептері қандай?» деген мәселелер де көтеріліп, аталған проблема нормативтік-статикалық аспектіде де сөз болуға тиіс. Қай тұрғыдан қаралса да, белгілі бір кезеңдегі көркем әдебиет тілінің параметрі сол дәуірдегі әдеби тілдің даму бағытымен әрі принциптерімен өлшенеді.

Көркем туынды тілінің негізі де, қоры да, көзі де – жалпыұлттық тіл, жалпы әдеби тіл екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Сондықтан бүгінгі таңда көтерілетін сөз мәдениеті (мейлі қай жанрдың сөз өрнегі әңгімеленсе де), сайып келгенде тілдік нормаға барып тіреледі. «Қазақ көркем әдебиетінің тілі сол нормалар үдесінен шығып отыр ма, жоқ па?» деген проблема – өз алдына ғылыми зерттеу объектісі болуға тиіс. Көркем әдебиет стилі қазақ әдеби тілінің қалыптасып, дамуы барысында басты рөл атқарып келгені мәлім. Бұл күнде де қоғамдық-публицистикалық; ғылыми стильдермен қатар, әдеби тілдің жетіле түсу процесінде белгілі дәрежеде елеулі орын алып отырған көркем әдебиеттің тілін тек лингвостилистикалық аспектіде ғана емес, әдеби тіл нормаларын сұрыптау, тұрақтандыру, сөз мәдениетін көтеру тұрғысынан да зерттеу қажеттігі туады. Соңғы мақсатта жүргізілетін ғылыми ізденістер қазақ тілінің ұлттық көркем әдеби нормаларын айқындау, оның ерекшеліктерін таныту, әдеби стандарт пен нормадан ауытқу құбылыстарының сырын ашып, табиғатын, дұрыс-бұрысын көрсету сияқты ғылыми-теориялық мазмұнды жұмыстарды ұсынуға мәжбүр етеді.

Оның үстіне көркем әдебиеттің жанды процесінде оның қазақ әдеби тілінің қазіргі кезеңдегі дамуына жақсы әсер етіп отырған жағымды жақтарымен қатар, тілдік-эстетикалық талғам шарттарына сай келмейтін жағымсыз сәттерін көрсетіп, оларды түзейтін ғылыми негізді ұсыныстар жасау қажеттігі даусыз. Бұл – бүгінгі күнгі теориялық та, қолданбалы да тіл біліміне қойылып отырған басты талап. Демек, көркем әдебиет тілін синхронды-нормативтік тұрғыдан зерттеу – бүгінгі қазақ тіл білімінің өзекті проблемаларының бірі болмақ. Әрине, алдымен диахронды-нормативтік ізденістерге барудың жөні бар. Ал бүгінгі таңдағы талап – тіл мәдениетін көтеру тұрғысынан қарасақ, синхронды-нормативтік зерттеулерге баса көңіл аудару қажет болады. Атап айтқанда: жалпыхалықтық ұлттық әдеби тіл нормалары мен көркем тіл нормаларының айырым белгілері, ұштасатын-ажыратылатын тұстары, даму принциптері мен бағыттары қандай?

Қазіргі қазақ көркем әдебиеті тілінде ұлттық әдеби тіл нормасынан ауытқушылықтар бар ма, ол ауытқушылықтардың жөнімен-жөнсіз (уәжді-уәжсіз) түрлері қандай және ауытқушылық көркем әдебиеттің қай жанрында, тілдің қай қаттауында көбірек сезіледі?

«Жазушы тіл құралдарын творчестволықпен жұмсай білген бе, жоқ болса, оның қазіргі сөз мәдениетімізге тигізетін әсері, зияны қандай, қай дәрежеде?» деген проблемалар қойылады.

Көркем әдебиет тілін стильдік ерекшеліктер мен сөз мәдениеті тұрғысынан зерттеуде де объектілерді проза, поэзия, драматургия түрлеріне бөліп, айырып талдау, тану керек. Оның үстіне қатты ескеретін нәрсе – нормалылық дегенді тілдің қай қаттауына (қабатына) қарай іздеу керектігі. Айталық, лексика қабатына қатысты нормалылықты зерттеу объектілері жағынан ғана емес, сөздің семантикалық мағынасымен қатар, эстетикалық жүгін есепке алып отыру жағынан да ерекшеленеді. Және бұл ерекшелік проза тілі мен поэзия немесе драматургия тілінде тағы бөлініп кетеді. Синтаксистегі нормалылықты іздеу – ең алдымен, көркем тексттің стильдік-эстетикалық нысана-сымен көзделеді. Синтаксистегі түзулік (нормалылық) структуралық (жалпы тілдік) нормаға сайма-сай түспейді. Көркем әдебиет тілінде структуралық нормадан ауытқу көркемдік талабынан шығып тұрса, ол – көркем тілдегі нормалылық болғаны. Бұндай «нормадан тыс нормалылық» поэзия жанрында мүлде айрықша болып келеді.

Стилистикада лексиканы талдап-тану басты орын алады, тегі, ол синтаксистен қалыспайды. Сондықтан көркем әдебиеттің (басқаларының да) тіл мәдениетін зерттеуде де лексика-фразеологиялық қабат алдымен қолға алынуға бейім. Қазақ көркем әдебиетінің проза саласындағы лексикалық нормаларды танып-білуде, біздіңше, бүгінгі таңда мынадай сәттерге (объектілерге) назар аудару қажет:

- диалектизмдердің (жергілікті элементтердің) жұмсалуды, яғни орыс тіл білімінде диалектизация деп аталатын құбылыстың қазіргі қазақ көркем әдебиеті тіліндегі көрінісі, күй-қалпы, өріс алу бағыты;

- жалпыхалықтық тілге тән бейнелі (образды) сөздерді жұмсау тәсілі, фразеологизмдердің сөгілуі;
- қарапайым, көне, сирек сөздердің жұмсалуды;
- синонимдерді тандау; идеографиялық және стильдік синонимдердің қолданысы;
- лексикалық жаңа қолданыстардың орын алуы (қажетсіз тұста жаңадан сөз жасау немесе қажеті бар жерде ұсынылған жаңа қолданыстың сәтті-сәтсіз болуы);
- штамп сөздер мен тіркестерді қолдану; сөздердің тіркесу аясын кеңіту арқылы сөз мағыналарын жаңғырту;
- лексикалық варианттардың қолданысы, яғни морфологиялық, орфограммалық, семантикалық, генезистік т.б. жарыспалы элементтердің дұрыс-бұрыс жұмсалуды;
- белгілі бір сөз тудырушы элементтердің және синтаксистік тәсілдердің көркем әдебиет тілінде активтенуі;
- көркем әдебиет тілі арқылы лексиканың стильдік жіктерге (поэтизм, қарапайым сөздер, канцеляризм т.т.) ажыратыла түсуі.

Бұл объектілердің бірқатарының зерттелуі сөз орындылығына (функционалдығына) қатысты болса, бірсыпырасы әдеби тілдегі варианттылық проблемасына тікелей байланысты, яғни әдеби нормаға қатысты ең үлкен мәселенің бірі – тіл элементтерін (айталық, сөздерді) өз орнында, өз қызметінде дұрыс жұмсау жайында болса, екіншісі – варианттылық, жарыспалылық туралы болмақ. Бұл екеуі – жалпы тіл мәдениеті проблемасының өзегі, ең мәнді жақтары⁵⁴.

Осы объектілерді зерттеу үстінде қазақ көркем әдебиеті лексикасының ұлттық нормалары айқындалады; қазақ әдеби тілін проза тілі арқылы нормалану процесі танылады; бұл процесте орын алатын сөз таңдау принциптері айқындалады; жалпы әдеби нормадан ауытқу құбылыстары танытылады.

Сонымен қатар көркем шығарманың лексикасын әдеби норма аспектісінен зерттеуде әңгіме екі үлкен мәселе айналасында болады: бірі – сөзді дұрыс қолдану, екіншісі – сөзді әсем қолдану жайттары. Алғашқысында сөздің нейтралдық мәні, коммуникативтік қызметі, соңғыда сөздің көркемдік мағынасы, стильдік қызметі нысанаға алынады.

Біріншіден, бұл жерде әңгіме жалпы әдеби тіл нормаларын бұзбай қолдануды ғана шарт деп санау – мүлде қисынсыз меже. Көркем әдебиет – көркем дүние, өнер туындысы, ол – жалаң информация құралы емес, сол информацияны әсерлі, әсем түрде жеткізу, суреттеу құралы. Демек, көркем тексттегі сөздердің дұрыс, орынды, норма сақтап жұмсалуды әсем жұмсалуға бағындырыла қаралуға тиіс. Көркем шығарма тілінің публицистика, ғылыми стиль сияқты өзге стильдер тілінен басты ерекшелігінің бірі – осында. Егер көркем туынды жалпы грамматика мен лексиканың бірде-бір нормасынан (ережесінен) бір адым ауытқымай, «түп-түзу», «дүп-дұрыс» жазылса, ондай шығарма оқушы сезіміне әсер етпес еді, ол «көркем» деген анықтаманы ақтай алмас еді. Міне, зерттеу әдісінде ескерілетін шарттардың бірі – осы.

Өйткені сөз дұрыстығы (мәдениеті) немесе тілді дұрыс қолдану (правильность речи) дегеннің өзін біржақты түсінуге болмайды. Жалпы сөз дұрыстығы дегеніміз – тілдің құрылымдық, яғни сол тілдің табиғатына тән заңдылықтарының сақталуы. Олар тілдің құрылымын баяндайтын грамматика оқулықтарында, оқу құралдарында, сөздіктерде т.б. танытылады. Бұл заңдылықтар мектепте сол тілді алғашқы үйрету барысында айтылады. Бұл – тілдің ережелерін, ішкі табиғи заңдылықтарын бұзбай, жалпы түзу қолдану мәселесі, ал тілді әсем және орынды қолдану заңдылықтары және бар. Демек, жалпы тіл нормасы дегенмен қатар, лингвостилистикалық нормалар да болады дегенді, яғни қолданбалы стилистиканың объектісі – жалпысөз (тіл) мәдениеті, лингвистикалық стилистиканың объектісі – көркем сөз мәдениеті екенін айырып зерттеу – қазақ тіл білімі үшін тың проблема.

Лингвостилистикада қарастырылатын фраза құру (построение фразы) және текст түзімі (текстообразование) деген зерттеу объектілері де бізде, қазақ тіл

білімінде, өз алдына арнайы зерттеуді күтіп тұр. Фраза құру мәселесі екі тұрғыдан қарастырылуға тиіс: бірі – фраза құрайтын сөздерді тандау, екіншісі – фразаның құрылысы (тұрақты конструкцияларды бұзу, плеонастық құрылымдар түзу т.т.). Бұлардың ішінде жеке мәселелер ғана, мысалы, тұрақты тіркестердің, мақал-мәтелдердің трансформациясы немесе текст түзудің кейбір мәселелері жалпы суреттеу (фактінің констатациясы) ретінде кандидаттық диссертация дәрежесінде зерттеле бастады, бірақ бұл тақырыптардың әңгімеленуі таза лингвостилистикалық тұрғыдан көп қарастырылған емес.

Екіншіден, көркем проза тілінің лексикалық нормасын айқындауда оны әдебиет жанрларының даму бағыттарымен тығыз байланыстыра қарау әдісін қолдануға тура келеді. Айталық, бүгінгі қазақ көркем прозасында әр алуан тіл элементтерінің стильдік тезге түсу (стилизация) процесі етек алу бағыты көзге түседі.

Стильдік тезге түсу дегеніміз – шығарманың тақырыбына, жанрына, эстетикалық мақсатына және «автор образы» дегенге, яғни автордың айтпақ идеясына, көзқарасына, позициясына тілінің үндес келуі. Мысалы, тарихи шығарма авторы жеке атауларды таңдауда болсын, кейіпкерлерді сөйлетуде болсын т.т. суреттеп отырған дәуір шындығына мейлінше жақын, сәйкес келуді көздесе, ол – тарихи стилизация болмақ.

Стилизацияның түрі сан алуан. Қазіргі қазақ көркем әдебиетінде интеллектуализация, интимизация, фольклоризация сипаттары бар шығармаларды іздестіріп, талдау керек. Осылардың қай-қай түрі де сөз таңдау өрісін кеңітеді; шығарма тексінің композициялық-синтаксистік құрылымын, монологтер мен диалогтерді берудің жаңа тәсілдерін іздестіреді, лексиканың тақырыптық топтарын байытады т.т.

Мұндай «...изацияланған» шығармаларда жанр талабын өтейтін нормадан тыс лексикалық элементтер мен грамматикалық тұлға-тәсілдердің орын алуы – заңды. Сондықтан олардың баршасын нормасыздық, яғни нормадан ауытқу, сөз мәдениетінің бұзылуы деп тануға болмайды.

Үшіншіден, көркем сөздің лексикалық нормасына тарихи даму (өзгеру) тұрғысынан қарау – зерттеудің басты амалдарының бірі болмақ. Сөз жоқ, қазақ көркем прозасы нормасының және мәдениетінің бүгінгі күй-қалпы мен сипаты өткен ғасырдағы және үстіміздегі ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы түрімен бірдей емес. Айталық, соңғы 30-40 жылдың ішінде проза жанрында тілдің сөздік байлығын мейлінше кең қамту бағыты пайда болды. Ол үшін жұмсалуды аясы шектеулі диалектизмдерді де, мағынасы күңгірттенген көне сөздерді де, бұл күнде жиі жұмсалмайтын мән-мағынасы бейтаныстау сирек сөздерді де, жаңадан еніп жатқан қолданыстарды да кәдеге асыру әрекеті бар екенін айтуға болады.

Жергілікті ерекшеліктерді зерттеуші диалектолог ғалымдар қазақтың көрнекті жазушыларының шығармаларында, автор сөзінің өзінде бірсыпыра кәсіби сөздер мен диалектизмдердің орын алғандығын айтады. Мысалы, Ә.Нұрпейісовтің, Ә.Сәрсенбаевтың прозалық шығармаларында Арал, Каспий балықшыларының тіліне тән бірқатар кәсіби атаулардың мағыналары сілтемеде көрсетіліп, орынды қолданылғандығын Шора Сарыбаев атайды. Зерттеуші сонымен қатар Әбдіжәміл Нұрпейісовтің тілінде тек кейіпкерлер емес, авторлық баяндауларында да жергілікті сөздердің біршама кездесетіндігін көрсетеді.

Сондай-ақ Дүкенбай Досжановтың шығармаларында өзге өлке тұрғындарына түсініксіз, жалпы қазақ әдеби тіл нормасында жоқ сөздердің жиі қолданылатындығын көркем әдебиет тілін қадағалап келген Ғабит Мүсірепов атап көрсеткенін білеміз (1984 жылы өткен «Бүгінгі қазақ прозасының тілі» атты конференцияда жасаған баяндамасында). Тіл маманы – Байынқол Қалиев те Д.Досжановтың 1966 жылы шыққан «Жусан мен гүлдер» атты кітабынан⁵⁵ бастап, 1980 жылға «Табалдырығыңа табын» деген сияқты көлемді-көлемді 9 кітабынан 400-ге тарта әдеби нормаға кірмейтін сөзді жинап алып, оларды топ-топқа бөліп әңгіме етеді. Зерттеуші Д.Досжанов тілінің байлығын, көркемдігін, оның тілге келгенде іздемпаздығын ерекше атай отырып, диалектизмдерді шамадан тыс көп және

уәжсіз қолданғандығын кемшілігі деп табады. Жазушы қолданған *әдімұлық* («жақсылық»), *әтел* («оңтайлы, әзір»), *бәйшең* («бейпіл»), *енепат* («алапат, жойқын»), *көлпар* («күпілдек»), *мәп* («олжа») сияқты есім сөздер мен *қылтқу*, *леглу*, *салмақсоқтану*, *уажымдау* сияқты етістіктер тіпті диалектология сөздіктерінде тіркелмеген жергілікті не сөйлеу тілі элементтері болып табылады дейді⁵⁶. Зерттеуші олардың диалектологиялық сөздіктерге кірмегендерін контекстімен алып көрсетіп, беретін мағыналарын (жақша ішінде тырнақшамен көрсетілгендер) шамалайды. Мүмкін, бұл 400 сөздің ішінде бірен-сараны диалектизм болмай, көне сөз немесе жасанды тұлға болуы, бірақ қайткенде де жазушымен жерлес, өңірлес емес оқырман Дүкенбай шығармаларының кей тұстарын қиналып оқитындықтары, бейтаныс сөздерге бола сөйлем мағынасын тап басып, тани алмайтындықтары айтылған.

Сөйтіп, жазушы Д.Досжанов тілінде уәжді-уәжсіз диалектендіру (диалектизация) құбылысы бары байқалады екен, қаламгердің 8-9 шығармасында әдеби нормадан тыс тұрған 400-дей сөздің қолданылуы – біздің байқауымызша, жазушының салақтықтан, әдеби тіл нормасын білместіктен емес, саналы түрде өзі қалап барған әрекеті сияқты. Бұл әрекет ішінара өзге жазушыларда да байқалатынын біз де атаған болатынбыз⁵⁷.

Әрине, әдеби тілде баламасы жоқ немесе сын есім, үстеулерге үстеме реңк беретін синоним қатарларын түзетін диалектизмдерді уәжімен (орнымен, қажеттіліктен шығарып) қолдану – көркем әдебиетке сыйымды, дұрыс амал. Ал аса қажеттілік жоқ жерде де жазушы жергілікті элементтерді әдейі қолданса, оның да мақсат-себептерін іздестіруге тура келеді. Бұны да – жеке бірді-екілі жазушының «қиқарлығы» деп емес, көркем тіл тәжірибесінде жол ала бастайтын ағымдардың өмірге келуі деп қарау керек болар.

Ғылым тілінде әр алуан «-изация»-лармен келетін бұндай ағымдардың бірі – диалектизация (қазақша мұны «жергіліктену» дейміз бе, «диалектілік стиль тезіне түсу» дейміз бе, «диалектілену» дейміз бе – әйтеуір бұл құбылысты

атайтын термин табу керек). Диалектілік элементтерді әдейі шамадан тыс қолдану болса, бұл әрекеттің қазақ көркем сөзінде де көріне бастағанын айту қажет.

Сөйтіп, бүгінгі қазақ көркем әдебиеті, оның ішінде проза жанрының тілін тануда оның пайда болып, әрі қарайғы даму барысында әр алуан бағыттардың, амалдардың болғанын және бар екеніне назар аудару керек. Ол үшін ұлттық көркем әдеби нормаларын айқындап алуды бірінші кезекке шығарамыз.

II ТАРАУ. КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДАҒЫ ОБРАЗ ТАЛДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әдебиет пәнінің жас ұрпақты уақыт талабына сай тәрбиелеу ісіне қосар үлесі үлкен. Өйткені мектеп оқушысы осы пәннің талабын орындау үшін әртүрлі жанрдағы көркем шығармаларды оқиды. Ол туындылар оқушының жақсы мен жаманның ара жігін ажырата білуіне, адамгершілік сезімінің ұшталып, имандылық қасиеттерінің оянуына септігін тигізеді.

Әдебиетті оқытудың басты мақсаты- оқушыларды сөз өнерінің қыр-сырымен таныстыру, халық даналығы, халық өсиеттерінен нәр алғызу, көркем шығармаларды оқуға деген ынталарын ояту, халықтың рухани байлығы- әдебиетін жан-жақты игерту, сол арқылы адамгершілікке, парасаттылыққа, сұлулыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Ал осы мақсатты

жүзеге асыру үшін белгілі бір жүйе арқылы әдеби шығармаларды оқытып, талдатып, өзіндік дербес жұмыстарды жүргізіп, ұйымдастырып, машықтандыру іс-әрекеттерін дұрыс жүргізу керек. Әдеби шығарманы оқи отырып, оқушылар ондағы образдар жүйесін, шығарманың тақырыптық-идеялық мазмұнын ақыл таразысына салып ой елегінен өткізеді, оған өздерінше баға береді. Жазушының бағыт-бағдарын, ой жүйесін, мақсат-мұратын сезінеді, шығарма құбылысының қимыл-қозғалысын, жүрек лүпілін бағдарлай біледі.

Сабақта әдеби шығарманы талдау барысында кейіпкер бейнесін таныту-басты жұмыстардың бірі. Оның кейбір белгілері- сыртқы келбеті, іс-әрекеті, сөз сөйлеу, ойлау ерекшеліктері, автордың кейіпкерге, қоршаған ортаға қатысы, яғни, сынып жоғарылаған сайын әдеби образ табиғатын ашу мәселесі күрделене түседі. Олай болса, әдеби шығарманы талдау барысында кейіпкер бейнесін тану, таныта білу- жүйелі жұмыстар жүргізуді талап етеді. Әдебиет сабақтарында көркем шығарманы оқып, ондағы кейіпкерлер бейнесін ашуда оның сыртқы келбетін, іс-әрекетін, мінез-құлқын, ішкі психологиясын, қоршаған орта туралы түсініктерін қалыптастыруды басты назарға алуды көздедім. Онда олар табиғат пен оның терең сырларын, жақсылық пен жамандықты, әділдік пен әділетсіздікті, әлеуметтік мәселелер мен адамдар арасындағы қарым-қатынастарын байқайды, жақсыдан үйренерлік, жаманнан жиренерлік үлгі-өнеге алады және заман талабына орай дүниетанымдары кеңейеді. Қай шығарманы талдамайық, алдымен ол шығарманың мазмұнын, тақырыбын нақтылап, айқындап алудан бастаған жөн. Өйткені шығарманың мазмұнымен оқушы толық таныспай, оны меңгермей тұрып, басқа мәселе туралы сөз қозғау мүмкін емес. Ол үшін күрделі, көлемді шығармаларды оқуды оқушыларға күні бұрын тапсырамын. Себебі бір романды немесе толық бір повесті сыныпта отырып түгелдей оқып шыға алмайсың. Ал оқушылардың өздігінен ізденіп оқуы үшін, ынта-ықыласын, қызығушылығын арттыру үшін шығарманың кейбір қызықты оқиғаларын әңгімелеп берген дұрыс. Өйткені кейбір оқушылар көркем

шығарма оқуға мүлдем қызықпайды. Бұл туралы әдіскер-ғалым Б.Сланов былай дейді: «Кей оқушылардың көркем шығарма оқуға қызықпайтыны-оларда әдеби туындыдағы өмірді, адамдар қатынасын бейнелейтін сырлы суретті көз алдына елестету қабілеті жетіспейді. Оларға әйтеуір бір жерде адамдар сөйлейтін, күлетін, ренжитін сияқты көрінеді.» Мысалы, 6-сыныпта Ә.Нұрпейісовтың «Балықшылар» әңгімесі беріледі («Қан мен тер» романынан үзінді). Әңгіменің мазмұнын түсіндіру барысында романның кейбір оқиғаларынан үзінділер келтіремін. Осы сыныпта сол сияқты, «Менің атым Қожа» (Б.Сокпақбаев), «Тұтқын бала» (Ш.Мұртаза) әңгімелерін өткенде, «Менің атым Қожа» повесін, «Қызыл жебе» романын, оларға түсірілген кинофильмдермен сабақтастыра әңгімелеймін. Бұл әдіс оқушыларды повесть, романдарды толықтай оқуға жетелейді де, көркем шығарманы оқуға деген ынталарын арттырады.

Көркем шығарманы талдаудың алғашқы қадамы-ондағы оқиғаны, оның талдау желісін таныстырудан, ұғындырудан басталады. Шығармадағы оқиғаны, оның желісін, негізгі ойын білмеген, түсінбеген оқушы шығарманы одан әрі талдауға, кейіпкер бейнесін тануға кіріссе де, ілесе алмайды. Сондықтан да шығарманы оқушыларға танытып, талдау- мұғалім үшін үлкен әдіс-тәсілдерді қолдануды қажет етеді. Шығарманың мазмұнын, оқиға желісін оқушыларға түсіндіру төмендегідей жүйеде іске асырылуы керек деп ойлаймын:

1. Мұғалімнің кіріспе әңгімесінен кейін, шығармадан үзінділер келтіре отырып, мазмұнымен таныстырып шығу.
2. Әңгімені іштей оқу арқылы әр бөлімге ат қойғызу, оны талдау және жоспар құрғызу.
3. Жоспар бойынша әңгімені мазмұндап айтқызу. Тірек сөздерді қолданып, оны жадында сақтай білуге дағдыландыру.
4. Шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы мінездеме жасату.
5. Шығарма оқиғасының бастауын, байланысын, өрбуін, дамуын, шарықтау шегін, шешімін айқындауға кірісу.

6. Оқылған әңгіме оқиғасына байланысты суреттемелер жасау, ой толғау.

Көркем шығарманы талдау шығармашылық жұмыстарды талап етеді. Қай көркем шығарманы оқыса да, оқушылардың ол туралы өзіндік әсері, пікірі туындайды. Оқушы көркем туындыны өз дүниетанымы, сезімі, білімі дәрежесіне байланысты қабылдайды.

Оқушылар көркем шығарманы оқу барысында бірден оның мазмұнын, оқиға желісін қайталап, жүйесін сақтай отырып түсіндіре алмайтыны белгілі. Ол үшін біраз жұмыстар жүргізуіміз керек. Оны шығарма мазмұнын жоспарлаудан бастаған жөн.

Жоспар жасауға дағдыландыру, әсіресе, 5-7-сыныптарда күрделі де маңызды мәселе. Көркем шығарманы оқу, мазмұнын меңгерту кезінде мұғалім ең басты мәселелерді бөліп алып, оқушы назарын үнемі соған аудартып отыру керек. Оған қысқа, тұжырымды тақырып қойып, тақтаға не дәптерлеріне қолма-қол жаздырып отырады. Бұдан оқушы өзі жасаған жоспарына сай және шығармадан алынған тірек сөздерді пайдалану арқылы шығарманы мазмұндап айтып шығуға дағдыланатын болады. Мұндайда шығарма жоспары оқушылар арасында кеңінен талқыланып, соның ішіндегі ең тиімдісін, ұтымдысын таңдап, талғап алғаннан кейін мазмұндау жұмысын жүргізген тиімді.

Шығарма талдаудың келесі сатысы- кейіпкер бейнесін талдау. Оқиғаның дамып, өрбуі тікелей кейіпкерлерге, олардың іс-қимыл, әрекеттеріне, өзара қарым-қатынасына байланысты. Нақтылап айтсақ, кейіпкер- оқиға желісінің арқауы. Әр шығармадағы адам тағдыры жеке кейіпкерлер арқылы пайымдалып, оның іс-қимылы, мінезі, қылығы айқындала түседі. Олай болса, шығарма желісіне жүгіну, кейіпкерлерді тануға тікелей байланысты. Осы жөнінде профессор М.А.Рыбникова былай деп ой айтады: «Оқытып тәрбиелеу міндеттері дегенде, біз тәрбие беретін мысалдарды, үлгілерді ұсынумен қатар, кейіпкер тағдыры арқылы берілетін өмірлік мәні бар мәліметтерді талдауымыз керек.»

Көркем шығарманы сабақта талдау барысында кейіпкерлер бейнесін танытатын, айқындап, даралайтын белгілерді төмендегідей топтап алдым. Кейіпкерлер бейнесін таныту белгілері:

1. Жазушының кейіпкерге берген сипаттамасы және олардың портреттерін суреттеуі
2. Кейіпкерлердің іс-әрекеті, сөз сөйлеу, ойлау ерекшеліктері
3. Кейіпкерлер диалогы, кейіпкер мінезін ерекшелеп тұрған сөздерді, суреттемелерді табу
4. Кейіпкерлердің өзара қарым-қатынасы, қақтығыс күресі, қоршаған ортаға қатысы
5. Кейіпкерлердің адами ұнамды қасиеттерін анықтау, олардың оқушыларға әсері.

Бұндай жолмен талдау-оқушылардың шығармадағы кейіпкерлердің өмірмен тікелей бірлігін көрсете, салыстыра отырып, олардың іс-әрекеттері арқылы мінез-құлқын, өзіндік қасиеттерін танып, білуіне жол ашады. Осы тұрғыда кейіпкерлерді таныту ісін 5-сыныптан бастап, сатылай үйрету, түсіндіру, ұғындыру арқылы оқушыларды кейіпкерсырына біртіндеп ендіреміз. Ол үшін оқиғалы әңгімелерді оқыту үстінде осы шығармада қандай кейіпкерлер кездеседі, олар кімдер, бір-бірімен қарым-қатынасы қандай, оқиға барысына, оның дамуына қатысы қандай, оның мінезінен, берілген, сипатталған портреттерінен нені аңғарамыз, шығармадағы кейіпкерлердің өмірде көріп жүрген адамдармен ұқсастығы бар ма, қай кейіпкерді ұнатасындар, ол несімен ұнайды, оны қалай дәлелдей алар едіңдер деген сұрақтар қою арқылы сұрау, жаттықтыру, айқындаттыру арқылы сыныптан сыныпқа күрделендіре түсіп, оларды толық салыстырмалы талдауға алып келтіреміз. Бұл әрине, мұғалім тарапынан үлкен ізденісті, еңбектенуді, әдіс-тәсілдерді қолдануды талап етеді.

Қай шығарма болмасын оқиға желісі, жазушы мұрасы нақты бір кейіпкерлердің айналасына жинақтала, соны негізгі нысанаға ала отырып айқындалады. Сондықтан оқушыны шығармадағы негізгі тұлға-кейіпкерлерді

тани отырып, басқа кейіпкерлерді сонымен салыстыра, сабақтастыра талдауға үйретуіміз керек. Мысалы, 7- сыныпта «Тортай мінер ақ боз ат» (О. Бөкей) әңгімесін өткенде, ондағы басты кейіпкер Тортайға ұқсас бейне (С. Мұратбеков) «Жусан иісі» әңгімесіндегі Аян бейнесімен салыстыра отырып, олардың ұқсас, ортақ белгілерін, өздеріне тән ерекшеліктерін таптырамын.

«Жусан иісі» С. Мұратбеков Аян бейнесі	Ортақ белгілері	«Тортай мінер ақ бозат» О.Бөкей Тортай бейнесі
1.Өжет	1.Жетім	1.Намысшыл
2.Төзімді	2.Қиялшыл	2.Еңбекқор
3.Тазалықты сүйеді	3.Зерек, білімге құмар	3. Жазушы болуды армандайды
4.Ұқыпты	4.Мейірімді	4.Жасқаншақ

Бұл әдіс — өткен тақырыпты еске түсіруге, кейіпкерлердің түрлі қасиеттерін, олардың ортақ белгілерін, ерекшеліктерін анықтауға тиімді. Сол сияқты «Тұжырым» кестесін қолдану барысында оқушылар шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеттері арқылы олардың мінез-құлықтарын таниды. Мысалы, Ә.Нұрпейісовтың «Балықшылар» әңгімесінде Еламанның іс-әрекеттері арқылы оның бойындағы адами қасиеттерін оқушылар іздене отырып табады.

№	Кейіпкер	Кейіпкердің іс-әрекеттері	Адами қасиеттері
1	Еламан	1.Мөңкенің ауру баласының қасында езіліп отыра бергенін қаламай, теңізге алып шығады. 2. Федоровқа қарсы батыл сөйлейді. Оның соққыларына шыдап тұрады. 3. Федоровты сүйменмен ұрады.	Бауырмал Өжет, қайратты Төзімді Намысшыл

Бұл әдістің тиімділігі-оқушылар көркем шығармадағы кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы мінездеме береді, олардың адами қасиеттерін таниды, содан үлгі алады.

Кейіпкерлер бейнесін танытудағы тиімді әдістердің бірі-тірек-сызбалар арқылы бір типті кейіпкерлерді топтастыру.

Бұл әдістің тиімділігі сол, оқушылар кейіпкерлерді топтастыру барысында олардың өздеріне тән мінездерін, белгілерін табады.

Өз сабақтарымда жиі қолданып жүрген әдістерімнің тағы бір түрі- «Кейіпкер портретін сомдау» әдісі. Кейбір көркем шығармаларда кейіпкерлердің портреттері айрықша ерекшеленіп беріледі. Міне, сол кейіпкердің портретін сомдап, жинақтап, сыртқа тұлғасы, бет-бейнесі арқылы мінез-құлқын тануға болады. Мысалы, 6-сыныпта берілген Д.Исабековтың «Ата үміті» әңгімесіндегі Омаш портретін сомдау үлгісі:

Омаш * Түйенің жарты етіндей

* Екі иығына екі адам малдас құрып отырардай

* Түрі түсіңе енсе шошып оятарлықтай келбетсіз

* Тісі аттың тісіндей, еңгезердей арбиған

Осы тұрғыда кейіпкерлердің портреттерімен танысқаннан кейін, олардың сыртқы сипаттарынан басқа, іс-әрекеттерінен психологиялық жан дүниелерін, мінездерін таниды. Яғни, «Омаш-дөрекі, қатігез, қайырымсыз, дүниеқоңыз, арам, қиянатшыл»

Сол сияқты С.Мұқановтың «Саятшы Ораз» әңгімесіндегі Ораз бейнесін төмендегідей талдауға болады.

Ораз *Орта бойлы, кең жауырынды, төстік кеуделі

* Мұрнының екі жақ сайынан басқа бетін түгел жапқан, ұзындығы кіндігіне түскен ақ сақалды

* Кең маңдайлы, әжімсіз қызыл күрең жүзді

* Кішірек келген дөңестеу мұрынды

* Дөңгелек қара көзді, ұзын ақ қасты

Шығармадағы кейіпкердің осындай портреті арқылы оқушылар оның мінез-кұлқын табады. Яғни, «Ораз-мейірімді, ақкөңіл, жомарт, кең пейілді, бауырмал.» Ал сурет өнеріне бейімі бар оқушылар өз қиялдарынан кейіпкер бейнесін қағаз бетіне түсірсе, кейбірі шығарма жазады. Бұл әдіс-оқушылардың өнерге деген сүйіспеншілігін, қиялын, ойлау қабілеттерін арттырады.

Ал өткен сабақтарда оқылған шығармалар, кейіпкерлер баланың жадында сақталып қалу үшін кейде төмендегідей ашық тест жұмыстарын өткізіп отырған тиімді. Ол тест жұмысында оқушы бір шығарманың бір сөйлемі, не бір сипаттамасы немесе кейіпкер портреті арқылы шығарма атын, кейіпкер есімін еске түсіреді.

1. Ауыл тіршілігін тастап, оқу іздеп қалаға қашып келген кім?
2. Аяғын ақсаңдай басып, балаларды ұйытып ертеке айтатын кім?
3. Ержеткенде ақ боз атқа мініп, жазушы болуды армандайтын кім?
4. «Мен ескіше жыл басы деп есептелетін «Наурыз күні» киіз үйде туылыппын» деп басталатын шығарманың кейіпкері кім?
5. «Атымды айта бастасам, тілім таңдайыма жабысып қалғандай болады да тұрады. Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт па деймін...» Үзінді қай шығармадан, кімнің атынан беріліп тұр?

Қорыта айтқанда, осындай әдіс-тәсілдерді қолдану барысында менің ұтқаным:

- Көркем шығарма оқуға ынталары артты
- Әр кейіпкердің өзіндік қасиеттерін ажырата білді
- Кейіпкер бейнесін қызығушылықпен талдайды
- Әр оқушы сүйікті кейіпкерін тауып, олардан үлгіалады
- Шығарма жазу қабілеттері артты
- Өз ойларын ашық айтуға дағдыланды

Жоғарыда көрсетілген жүйелі талдаулар жүргізу арқылы 5-сыныпта оқиганы, оның желісін таныту, білдіру нәтижесінде кейіпкерлердің іс-қимыл әрекетін дұрыс түсінуге алып келсек, 6-сыныпта шығармадағы адам мінезіне,

кейіпкерлердің ара қатынасына, түрлі қылықтарына терең бойлай білуіне мүмкіндік жасаймыз. 7-сыныпта жазушы бағытын айқындауға, 8-сыныпта шығарманың өмірмен байланысын, өмір шындығының шығармада қай дәрежеде көрініс тапқандығын айқындауға мүмкіндік береміз. Ал 9-11-сыныптарда бұл мәселеде кең ауқымда талдау жасау арқылы олардың іс-әрекетіне өздерінше баға бере алатын дәрежеге жетуі керек. Сол кездегі дәуірдің саяси-әлеуметтік ахуалын, тарихи шындық сипатын тану қажет.

Әдебиет- жан дүниені түгелдей жайлап, еш уақытта көзге көрінбейтін сезім қылдары арқылы ақыл иесі адамды өз ырқына жетелеп алатын дүние. Оны оқытудың қызықтығы да, күрделілігі осында жатыр. Сондықтан да әдебиет пәнін оқыта отырып, көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін тануда оның тиімді жолдарын қарастыру – мұғалімнің даярлығы мен шеберлігіне байланысты.

Көркем шығармаларды осылай жүйелі талдау, кейіпкер бейнесін осындай мәселелер тұрғысынан қарастыру кезінде сабақтың білімділік, тәрбиелілік мәні жүзеге асады деп ойлаймын.

II.2. М. ӘУЕЗОВ ҚАРАШ – ҚАРАШ ОҚИҒАСЫ ХИКАЯТЫНДАҒЫ БАҚТЫҒҰЛ БЕЙНЕСІ ОҚЫТУ ҮЛГІСІ

Мақсаты: 1.Шығарма мазмұнына шолу жасай отырып, кейіпкерлер іс – әрекеті арқылы Бақтығұл бейнесін жан – жақты ашу. Кейіпкерлердің өмірдегі шынайы бейнесін таныту.

2.Өзге шығармалармен байланыстыру, салыстыру, зерттеу дағдыларын қалыптастыру, іскерлігін, өз бетімен іздене білу қабілеттерін дамыту.

3.Кейіпкерлер бейнесі арқылы адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу.

Сабақ түрі: Жинақтау, қорытындылау сабағы.

Әдіс – тәсілі:Баяндау, іздендіру, зерттеу, салыстыру, СТО технологиясы.

Пәнаралық байланыс:Тарих

Сабақтың барысы:1.Ұйымдастыру. Оқушылардың сабаққа қатысымын тексеру, назарларын сабаққа аудару.

2. Шығармаға шолу. Композициялық құрылымы

3. Кейіпкерлер бейнесі. Топтастыру.Абайдың өлеңдерімен байланыстыру.

4. Сұрақ жауап.

5. Жазушының суреткерлік шеберлігі. "Көксерек " әңгімесімен байланыстыру.

6. Ой тастау. Бақтығұл қылмыскер ме?

7.Әріптерді сөйлетейік

8.Шығарманың тәрбиелік мәні.

9. Прототип.

10. Бекіту. Не білдік?

11. Үйге тапсырма беру.

12.Білімдерін бағалау.

Ой қозғау. Шығармаға шолу.

Шығарманың композициялық құрылымы.

1.Оқиғаның басталуы. Ауру Тектіғұл.

2. Дамуы. Бақтығұл есіндегі ауыр күндер.

3. Шиеленісуі. Тектіғұл өлімі

4. Шарықтау шегі. Боз биені ұрлау

5.Шешімі. Қуғыншылардың соққысы.

1. Оқиғаның басталуы. Бақтығұлдың Жарасбаймен жақындасуы.

2. Дамуы. Болыстың бар қызметін атқаруы немесе адал еңбекті адам

3. Шиеленісуі. Жарасбайдың Бақтығұлды ұры деп көрсетуі немесе сатқындық

4.Шарықтау шегі . Бақтығұл- қашқын

5. Шешімі. Жарасбайды өлтіру,кек алу

Повесть – хикаят (Теориялық мәлімет беру)

Хикаят - ұзақ әңгіме. Ол әлденеше әңгімеден тұрады, өмірдің түрлі көріністерін суреттейді. Сонымен хикаят кейіпкердің белгілі бір өмір кезеңін қамтиды.

Кейіпкер бейнесі

Кейіпкерлер: Сәлмен

Тектіғұл

Бақтығұл

Жарасбай

Абайдың «Қараша, желтоқсан мен сол бір – екі ай » өленімен байланыстыру.

Кедейдің өзі жүрер малды бағып,

Отыруға отын жоқ үзбей жағып.

Тоңған иін жылытып, тонын илеп,

Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып...

...Жалшы үйіне жаны ашып ас бермес бай,

Артық қайыр, артықша қызметке орай

Байда мейір, жалшыда пейіл де жоқ,

Аңдыстырған екеуін құдайым-ай!

Сұрақ: Өлең қай кейіпкердің бейнесін ашады?

Сәлмен кім? 1. Бай, болыс

2. Екі жетімнің еңбегін жеген адам

3. Екі жетімді де соққыға жыққан адам

Сәлменді « Болыс болдым, мінеки » өлеңімен байланыстыру.

Болыс болдым мінеки,

Бар малымды шығындап.

Түйеде қом, атта май,

Қалмады елге тығындап.

Сүйтсе дағы елімді,

Ұстай алмадым мығымдап.

Күштілерім сөз айтса

Бас изеймін шыбындап.

Әлсіздің сөзін салғыртсып,

Шала ұғамын қырындап.

Сұрақ: Абайдың бұл өлеңін оқығанда шығармадағы қай кейіпкер көз алдымызға келеді?

Жарасбай кім?

1. Өз есебімен Бақтығұлды қол астына алып, паналатты
2. Бар жұмысын жасатты
3. Бақтығұлды ұрлыққа жұмсап, ұры етті.
4. Болыстыққа таласты.
5. Өз қара басын ойлап, Бақтығұлды сатып кетті.

Жарасбай

Бақтығұл бейнесі

Сұрақтар:

1. Бақтығұлдың тұрмыс жадаулығы мен көңіл қаяулығын жазушы қалай суреттейді?
2. Боз биені олжалау кезінде Бақтығұлдың қандай қасиеттерін аңғаруға болады?
3. Жарасбай Бақтығұлдың қандай қасиеттерін байқады?
4. Бақтығұлдың еңбекқорлығына, парасаттылығына, сөзге жүйрік алғыр азаматтық қасиеттеріне мысал келтір ?
5. Бақтығұлдың Жарасбайға берген сертінен оның қандай мінезді адам екенін байқауға болады?
6. Барымта, ұрлық сөз болғанда Бақтығұлды қандай сезім биледі, оның Жарасбайдан күткені сол ма еді?
7. Жарасбайдың « арсыз жотасын » көргенде Бақтығұлды қандай сезім биледі?
8. Тұтқын болуды мойындамауынан Бақтығұлдың қандай мінезін байқауға болады?
9. Жарасбайдан кек алуға қай жағдайда бекінді?

10. Жарасбайды атқаннан кейін Бақтығұлдың қуанғанынан нені аңғаруға болады?

Кейіпкер

Іс әрекеті

Портрет

Мінездеме

Бақтығұл

Жалшылық етті, інісін жерледі, елден кетті, бие ұрлады, соққы жеді, Жарасбаймен достасты, ұрлық барымта жасады, сатқындыққа ұшырады, кек алды.

Кесек балуан

денелі, иықты, кеуделі келген қалың тік қара мұртты көп сөйлемейтін жасы 36 -37- лерде

Төзімді, лепті, қырағы мерген, адал, еңбек қор, кекшіл, рухы таза, кедей

Жазушының суреткерлік шеберлігі

1. Тау ішінің аш қасырындай бұралып, Сарымсақтының қарағайында бір күн, бір түн бекініп жатты:

2. Қой торыған бөрідей енді жұтынып, қомданып алған дөңгелек денесі анда – санда маңайды болжағанда, алды– арты, жан – жағына шапшаң бұрылады. Барлық қозғалысына ұршықтай үйірілген жіті сергектік пайда болған. Кішкене қысық көздері жауынды тунді тіліп өткендей.

3.... Бақтығұл қоралы қойға шапқалы келе жатқан қасқырдың құйрығын қысып, басын төмен салып, елеусізденіп, сөлпендеп жүргені сияқты.

4. ... Далада жалғыз жорытқан көк бөріше бар сырын өз ішіне түйіп, тығып келген тіршілік мұны талдырған...

5. Қалың топырдан адасып шаң қуып қара үзіп, қаңғып қалғандай сезінді. Ел бір бөлек, бұл бір бөлек. Баяғы жалғыз жорытқан көк қасқырша өзімен – өзі ғана болып қалған қу жалғыздық күйін қайта көрді.

6. Бұл кезде Бақтығұл елден, жұрттан безіп шығып, тау ішінің жайын тағысы сияқтанып жүрген қашқын.

« Көксерек » шығармасымен байланыстыру.

Венн диаграммасы:

Көксерек пен Бақтығұл өмірінің ұқсас, айырмашылығын салыстыру.

Жазушының кейіпкер психологиясын суреттеудегі шеберлігі.

Ой тастау Бақтығұлқылмыскер ме?

Иә Жоқ

Әріптерді сөйлетейік.

Б – батыл да батыр.

А – аңғал, адал.

Қ – қайсар да қайратты ер.

Т – табанды, төзімді.

Ы – ызалы (жауына ызалы)

Ғ – ғаламат күш иесі.

Ұ – ұстамды.

Л – лайықты (осы барлық айтылған қасиеттерге лайықты).

Прототип – көркем шығармаға негіз болған адам.

Бақтығұл – Рысқұл Жылқыайдаров.

Тектіғұл – Молдабек Жылқыайдаров.

Жарасбай – Саймасай Үшкемпіров.

Сәлмен – Естемес

Сейіт – Тұрар Рысқұлов.

Қатша – Ізбайша Қорғанбайқызы.

Сұрақ: Тұрар Рысқұлов туралы не білеміз?

Пысықтау Шығармаға берер оқушы бағасы

1. Шығарманы оқып шыққанда қандай әсер алдың?
2. Бақтығұлдың бойындағы қандай қасиеттер ұнайды? (Намысты азамат, қайратты ер, табанды адам.)
3. Осы шығарманың тәрбиелік мәні немесе біз қандай тәрбие аламыз?

Адал болу Ұрлық іске бармау «Қараш – Қараш оқиғасы» әділ болу

Қиянат жасамау Мейірімді болу

Үйге тапсырма:

Тұрар Рысқұлов туралы газет журналдардан оқу. «Елінің қайсар ұлдары» (шығарма жазу)

Оқушылардың білімдерін бағалау.

Мұғалімнің қорытынды сөзі.

Бұл шығармадан

«Байлардың таңы атқан, кедейдің күні батқан» тар кезеңде қожасынан қысым, қиянат, қорлық, зорлық көрген сіңірі шыққан кедейлердің әділдікті, еркіндікті аңсаған, сол кездегі қазақ халқының басында болған қиын кезеңді Рысқұлдай өжет ердің іс – әрекетімен суреттегенін білдік.

1905 – 1906 ж Вярный түрмесінде болған Рысқұл Тұрардың оқу оқығанын, жақсы өмірге жеткізсе оқу жеткізетінің аманат етіп айтып кетеді. Тұрар әке

аманатын орындап, халқын сүйіп, еліне адал қызмет етеді. Елінің қамын ойлайтын Тұрардай, қиыншылыққа мойымайтын әділ де қайратты ер Бақтығұл – Рысқұлдай елін сүйер азамат болындар.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінде әдебиет пәні мұғаліміне әр тақырыпты қалай оқытатынына дейін тәптіштеліп, барлық оқу әрекетін құрып беріп отыр. Бір тақырып бойынша оқушының атқаратын оқу әрекеті оннан асады. Оқу мақсатының көптігінен оқу сапасы жақсара ма екен?! Күмәнді. Бұл ретте ұстаздардың

пікірі екіге жарылады. Бірқатары мәтінді таныту бағытын ұстанса, енді жартысы шығарма арқылы оқушыны тәрбиелеу керек деген ойды алдыға тартады. Әдебиетті оқытудағы оқу нысаны шығарма болғанымен, орталық тұлға – оқушы. Барлық оқу әрекеті оқушыны тұлға ретінде қалыптастыру бағытында болуы керек деп ойлаймыз. Әдебиет пәні – әдебиеттану ғылымы емес, теориялық білім тек әдебиетті түсініп, түйсінуді үшін жұмсалғаны абзал. Кейбір ұстаздарымыз мәтіндегі көркемдік құралдарды атап айтқызумен шектеліп жатады. Егер троп пен фигуралар: теңеу мен алмастырулар шығармаға қандай көркемдік үстегенін оқушы сезінбейтін, түйсінбейтін болса, сөз өнерінен эстетикалық талғамы қалыптаспайтын болса, теорияны оқытудың да еш мәні болмай қалады. Образдың жасалу тәсілдерін білу көркем образды тұтас қабылдау үшін қызмет етуі керек, ал уақыт пен кеңістік композициясы көбіне шығарманың құрылымдық бөліктерін, кейде сюжеттік желілерді ажыратуға қызмет етіп жатады.

Сонымен қатар жаңартылған мазмұндағы бағдарламаларда теориялық қателіктер мен бірқатар олқылықтарға жол берілген. Атап айтар болсақ: Біріншіден, оқушыға алғашқы қойылған мақсат – «Көркем шығарманың мазмұны мен пішінін» талдау делінген. Мазмұн деген кең ұғым. Көркем шығарманың композициялық құрылымы: сюжет, образ, суреттеу, мекеншақ композициясы, мотив, т.т. барлығы қосылып келіп мазмұнды құрайды. Сұралып отырғаны қандай мазмұн екені беймәлім. Оқушы оқу әрекетіне түспей тұрып, қалай мазмұнды талдамақ?

Екінші оқу міндеті – «әдеби шығарманың тұжырымдамасы» делінген. Бұл жердегі түйткілдісі «тұжырымдама» деген сөздің қолданысында. Әдебиеттану ғылымында көркем шығарманың тақырыбы мен идеясы, өзекті ойы (мысль, выдумка, вымысел; намеренье, замысел). Десе де, әдеби шығарманың тұжырымдамасы делінбейді. Тұжырымдама ғылыми ізденістерге, ірі жобалар мен бағдарламаларға тән термин. Осыдан бағдарлама түзушілердің мәтінді көркем шығарма деп танымай, барлық пәндерге ортақ оқу мәтіндері ғана деп қарағаны байқалады.

Шығармашылық жұмыс әдебиет сабақтарында көбіне алған білімді жинақтауға, қорытуға сай қолданылады. Тағы бір айта кетерлік мәселе: Б.Блумның таксономиясындағы қолдану деңгейінің үшінші кезекте беріліп, соған сай жұмыс жүргізу жаратылыстану пәндеріне тән, яғни есепті түсінгеннен кейін мысалға салып қолданып көру жаратылыстану пәндеріне лайықталған. Ал әдебиет пәнінде қолдану деңгейі шығармашылыққа сай келеді. Шығармашылық әдебиет пәнінде жоғары деңгей, ол – жаңа өнім алуға пара-пар. Б.Блумның жаңа жүйесінде де жоғары деңгей шығармашылық өнім алуға сәйкес келеді

Шығарманың «заманауилығы мен жаңалығы» деген оқу міндетін қою мен оның оқу үдерісіндегі нәтижесін бағамдауда үстірттік байқалады. Дәл осы міндеттің сыныптар бойынша жіктелісінде: «кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын», «әдеби жанр түрлерінің даму барысына, жаңашылдығына заманауи тұрғыдан баға беру» деген тапсырмалар оқушы емес, әдебиеттану саласын сараптаушы ғалымдарға қоятын міндет дерлік.

Авторға хат жазу, кейіпкерге хат жазу, әдеби эссе жазу, сыни хабарлама деген тапсырмалар әр тақырып бойынша қайталанады. 9.3.3.1-дағы «шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу» делінген оқу міндетіндегі «ғаламдық тұрғыдан» деген тіркесті де түсіндіріп беретін ғұлама керек. Жалпы үшінші оқу-таным мақсаты шығармашылық болған соң, бағдарламада «әдеби сын», «әдеби эссе» деп шектеп тастау ретсіз. Себебі 5 сынып пен 11 сыныптың оқушыларына бұлай бірдей тапсырма беру дидактикалық жағынан қисынға келмейді. Әр сынып оқушысының шығармашылық мүмкіндігі, психологиялық ерекшелігі ескерілуі керек. Оқытудың жеңілден күрделіге қарай, жалқыдан жалпыға қарай деген қалыптасқан ұстанымдарын, педагогикалық негіздерін жоққа шығаруға болмайды. 5-сынып оқушысына берілген бірінші шығарма «Керкұла атты Кендебай» ертегісінің айналасында, яғни оқулықтың алғашқы оншақты бетінде теориялық ұғымдар сықап тұр: шығарманың тақырыбы, идеясы, мазмұн, пішін, түрі, тартыс, сюжет, фабула,

композициялық құрылым әдеби түр мен тек, троптың түрлері, типтік бейне, прототип, т.т. жиырмадан аса теориялық ұғым берілген. Қайталап айтамыз әдебиет пәні – әдебиеттану ғылымы емес, теориялық білімді шектен тыс көбейту көркем шығарма мен оқырман диалогіне қызмет ете бермейтіні анық.

Ә.Қоңыратбаевтың әдістемелік еңбегінде: «Танымның (білімнің) негізінде материал (текст) жататын болса, бірінші жинақтауға мазмұн (тексті оқу) сатысы жатады. Затты (материалды) бала өзі ұстап көрмей жатып, сол зат туралы онда ешқандай актив ұғым тумады. Бүтін – сол. Білім дегеніміз таным болса, ол заттың өзін игеруден басталады... материал арқылы бала болмысты, адам табиғатын танып біледі. Бала алманы көзбен көріп (түсі), қолмен ұстап (салмағы), мұрнымен иіскеп, өз білгенін тілмен айтады. Екінші саты – талдау (бөлшек). Бұл тұста балалар бірлескен түрде шығарманың формасын (образдарын) композициясын, тілін, өлең өлшемін) жеке-жеке талдайды. Бөлшексіз бүтін жоқ. Бұл оқуды тереңдетеді. Кластағы бірлескен талдау сабақты активтендіреді. Талдау сабақтарын тереңдетудің екінші формасы – теориялық мағлұмат» дей келе автор теориялық білімнің ретімен берілуін назардан тыс қалдырмайды. «Кейбіреулер соңғы жинақтаудың орнын жақсы түсінбей жүр. Бірінші жинақтау – оқу болса, екінші жинақтау – шығарма, автор идеясына жататыны рас. Оқушылар мінездемелік шығарма ғана емес, топшылау, әсіресе көркем стильдегі шығармаларды да жазып игерген болуы керек... Бұрын мұғалім бірінші орында тұрған болса, енді оқушы бірінші орынға шыға бастайды» деген бағалы пайымдарынан оқу мақсаттарын жүйелеуде бұрыннан білім, түсіну, талдау, жинақтау, қолдану (шығармашылық) барын аңғару қиын емес.

Әдебиет – өнер пәні. Өнер пәнін оқытуға қойылатын міндет те аса жауапты. Ә.Бөкейханов: «Ән өлең, күй – ең сенімді үн, бұл үнмен адам мехнатын, рақатын, ғайратын, шафқатын, сүйіспеншілігін билейтін, қайғы-қасіретін Құдайға тапсырады, жеткізеді...»,–деген екен. Әдебиет пәні оқушының ақыл ойын, шығармашылық қабілетін ғана жетілдіріп қоймай, эмоциялық зиятын

шыңдап, тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ететін мектептегі жалғыз, дара пән екенін түсінсек, әдебиетті оқытуға жеңіл-желпі қарамас едік.

Әдебиет – адамтану пәні, сонымен қатар, әдебиет – жан-жақты да терең ойлантатын пән. Оқушы танымы мен логикасын дамытуда әдебиет пәні жаратылыстану пәндерінен кем түспейді. Жаратылыстану пәндері сияқты тұрақты бір формула мен қағидалар, заңдылықтармен шектелмей, әдебиет пәні еркін ойдың, қиялдың дамуына жолбасшы бола алады. Әдебиет пәнінде дәлелдеуді қажет ететін тұрақты формула, элементтердің бұлжымас ережелері жоқ. Бірақ кейде шығарма өзегіндегі ой қисынын зерделеу, азаматтық ұстаным тұрғысынан келгенде күрделі есепті шығарудан да ауыр болатын тұстары аз емес. Себебі шығарманың терең астары, тағдырлар тартысы, идеялар тартысында оқырманның өзіндік пікірі мен көзқарасына жүгінетін тұстар көп. Белгілі әдіскер Қ.Бітібаева «Әдебиет – адамтану құралы» болса, әдебиет пәні – «адам тәрбиелеу құралы» деген пікір айтады. Ал әдіскер ғалым Е.Н.Ильин «Әдебиет – адам қалыптастырушы құрал» деген әдебиет пәнін оқытудың жаңа жүйесін ұсынған болатын. Әдебиет пәні арқылы оқушы адам болмысын тануды үйренеді, сол арқылы өзін-өзі тануға талпыныс жасайды. Қоршаған орта туралы ұғымдарын кеңейтеді, рухани дүниесі байиды, туған тілі мен еліне деген құрмет сезімі, ұлттық ділі мен рухы қалыптасады. Адам тұлға ретінде рухани қуаттанады. Ашығын айтқанда, білімі бекем, рухы қуатты ұрпақтың өз туған ұлтына, Отанына деген сатқындығы болмайтыны айқын. «Пайданы көрсе бас ұратын», өзінен бастап, Отанына дейін сататын жеткіншек қайдан қалыптасады деп таңырқаудан бұрын, себебі неден деп зерделеген орынды болмақ. Сондықтан әдебиетті оқыту қажеттігін білу және оны қай мазмұнда оқытуды терең пайымдау бүгінгі күннің аса өзекті мәселесі.

Біздіңше әдебиетте оқушының өзінің қабылдауы, түсінуі, түйсінуі есепке алып барып келесі оқу міндетіне қадам жасау маңызды. Біз әдебиетті оқытқанда ақпарат қана беріп отырғанымыз жоқ. Әр оқушы өзі қауышқан кейіпкерімен бірге өсіп жетілетінін, өмір тәжірибесіне жүгініп сарапқа

салатынын ұмытпауымыз керек. Оқушының сыни, дивергентті, аналитикалық, шығармалық, образды ойлау жүйесіне септігі тимейтін болса, пәннің де бағасына жетпеген болып шығамыз. Абайдың:

Ұқпассың үстірт қарап бұлғақтасаң,

Суретін көре алмассың көп бақпасаң

Көлеңкесі түседі көкейіңе

Әр сөзін бір ойланып салмақтасаң» дегеніндей оқушының образды ойын, қиялын дамытуға қызмет етуі қажет. Біздің бүгінгі әдебиетті оқытуымызда әр сөзді салмақтау, мәнін түсініп, түйсіну, шығарманың сюжеті, іс-әрекетіндегі мотивтер, образдар болмысы, оның туу себептері сияқты шығарманың ішкі бірлігімен жүргізілетін мұғалім мен оқушының талқылауларын жоғалтып алған сияқтымыз. Аналитикалық сұхбат, эмпатиялық диалог, эвристикалық әңгіме дегендеріміз оқу мақсатында көрінбейді. Оқушыларды әдеби-теориялық талдаулардың ізіне түсіріп жібергендей көрінеміз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

2. Абдувалитов Е. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі (оқу қолданба). Ташкент, 2008.
3. Алпысбаев Қ. Көркем шығарманы талдау жолдары. Алматы, 1995.

- 4.Ақшолақов Т. Мектепте әдеби шығарманың компоненттерін оқыту. Алматы, 1994.
- 5.Адамбаева Б. Алтын сандық. Алматы, 1989.
- 6.Әдебиетті оқыту әдістемесінің тарихы. Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы.
- 7.Бұлдыбаев А, Шканова Б. «Шешендік сөздер табиғаты». Алматы, 1998.
- 8.Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. Алматы, 1990.
- 9.Жұмажанова Т. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы, 2009.
- 10.Көшімбаев Ә. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. Алматы, 1999.
- 11.Қалимұқашева Б. Шешендік өнерге баулудың дидактикалық принциптері. Алматы, 1994.
- 12.Б.Сланов. Кейіпкер бейнесін талдау. Алматы. 1990 ж. /1,145-бет/
- 13.Т.Ақшолақов. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. Алматы. 1993ж /2, 63-бет/
- 14.Т.Ақшолақов. Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту. Алматы. 1975ж.
- 15.Қазақ тілі мен әдебиеті (журнал). 1991 жылдан бері қарай.
- 16.Қазақ тілі мұғалімдерінің іс-тәжірибесінен. Алматы, 1992.
- 17.Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқыту методикасы. Алматы, 1995.
- 18.Тасболатов Қ. Әдебиет сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру. Алматы, 1994.
- 19.Ұжымдық жинақтар. Мектепте қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың мәселелері. Алматы, 1998.
20. [www. tdpu. uz](http://www.tdpu.uz)
21. www. Ziyonet. uz
22. www. edu. uz

МАЗМҰНЫ

Автордың аннотациясы.....	4
Кіріспе.....	6

I Т А Р А У

Көркем әдебиеттегі образ және образдылық мәселелері.....10

1. Көркем мәтінді талдау жұмыстары.....13

2. Образды сомдау көркем шығарма тілімен байланысы.....17

II Т А Р А У

1. Көркем шығармадағы образ талдау мәселелері.....30

2. М. Әуезов «Қараш – Қараш оқиғасы» хикаятындағы Бақтығұл
бейнесі оқыту үлгісі.....38

Қорытынды.....46

Пайдаланған әдебиеттер.....51